«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті»

УДК 544.6.076.2(043) Қолжазба құқығында

Жумашева Назерке Жанатқызы

Жақсартылған энергия сыйымдылығы бар литий-күкіртті аккумуляторларға арналған жаңа композициялық материалдар

6D072000-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі:
Химия ғылымдарының доценті
Кудреева Л.К
Шет елдік жетекші:
Сент-Этьен микроэлектроника (Франция) орталығы профессоры
Дженизиан Т.

:

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 3
КІРІСПЕ..... 4
1.ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ
1.1 LiS батареясы туралы жалпы түсініктер..... 9
1.2 LiS аккумуляторлардың жұмыс істеуіне әсер ететін сипаттамалар..... 13
1.3. LiS аккумуляторлары катодты бөлігін модификациялаушы материалдар..... 23
1.4.Биомассадан алынатын көміртек-хост дизайны..... 24
1.5. Никель оксиді (NiO) және никель (Ni) қосылыстарының литий-күкіртті (Li-S) аккумуляторындағы қолданыстары..... 34
1.6.Литий сульфидті аккумуляторлардың жұмысын жақсарту үшін сепараторды модификациялаушы материалдар..... 39
2.ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ

2.1. Материалдар мен әдістер..... 40
2.2.Қолданылған реагенттер мен жабдықтар..... 40
2.3. GPC-NiO композитін синтездеу..... 42
2.4.GPC@S катодтарын дайындау..... 43
2.5. Сепараторды модификациясы..... 43
2.6. Үлгілердің сипаттамасы..... 43
2.7. Электрохимиялық сипаттамалар..... 43
2.8. LixSy адсорбциялау тесті..... 44
2.9. Симметриялық ұяшықты тестілеу..... 44
2.10. Нуклеация тесті..... 45
3.1. GPC және GPC@S катодының сипаттамасы..... 45
3.2. GPC-NiO композиттің сипаттамасы және сепаратордың модификациясы..... 52
3.3. Дамытылған катод және модификацияланған сепараторлар қолданылған ұяшықтың электрохимиялық көрсеткіштері..... 56
3.4. Күкіртті сіңдіру үшін қол жетімді GPC кеуектерін есептеу..... 64
3.5.D_{Li^+} мәндерін есептеу..... 72
4. GPC@S катодынан және GPC-NiO сепараторынан тұратын LiS CR2032 типті ұяшыққа арналған жартылай өндірістік технологиялық сызбанұсқасы және материалдық баланс..... 80
Қорытынды..... 89
Пайдаланылған әдебиеттер..... 91

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

GPC- графен тәрізді кеуекті көміртек материалы
КҚ-күріш қауызы
CV- Циклдік вольтамперометрия
LiSA-литий күкірт аккумуляторы
EIS- электр кедергісі спектроскопиясы
LiPS-литий полисульфиді
PVDF-ПВДФ поливнилден фторид
NMP- N-метил-2-пирролидон
LiTIFSI- литий бис-(трифторметан сульфонил)имид
SEM- Сканерлеуші электронды микроскопия
SEM-EDS- Энергия дисперсиялық спектроскопиясы бар сканерлеуші электронды микроскоп
XRD- Рентген сәулелерінің дифракциясы
ЛКҰ- Литий-күкірт ұяшықтары
ТГА- Термогравиметриялық талдау
XPS- Фотоэлектронды спектроскопия
EDS,ЭДС- Энергия-дисперсиялық спектроскопия
BET- Брунауэр-Эмметт-Теллер талдауы
АДЕ- апротонды диполярлы еріткіштер
LiPS- литий полисульфиді
МОФ- металл-органикалық қаңқалар
PAN- полиакрилонитрил
DOL-1,3 диоксолан
DME-диметаксилен

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Диссертация жұмысы биомассадан алынған графен тәрізді көміртекті материалдың синтезі және оны катод үшін күкіртті орналастыру агенті ретінде пайдалану, сондай-ақ сепараторды модификациялау үшін GPC-NiO композиттерін синтездеу,олардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу мен GPC@S катодын және GPC-NiO композиттік модификацияланған сепараторды Li-S аккумуляторлары үшін қолдану және аккумулятордың тиімді электрохимиялық сипаттамаларын,өнімділігін зерттеуді қамтиды. Жоғары беттік ауданы бар графен тәрізді кеуекті көміртегі (GPC) сатылы карбонизация және термохимиялық белсендіру арқылы арзан және мол күріш қабығы қалдықтарынан оңтайлы синтезделді. Синтезделген графен тәрізді кеуекті көміртегіне күкіртті орналастыру үшін балқыма-диффузия әдісі пайдаланылды. GPC-NiO негізіндегі композиттер әртүрлі GPC және $Ni(NO_3)_2$ арақатынастарымен синтезделіп, тиімді құрамы анықталды. Зерттеу нәтижесінде GPC@S катодынан және GPC-NiO-20 модификацияланған сепараторынан тұратын ұяшықтың литий полисульфидінің (LiPS) тотығу-тотықсыздану реакцияларын жылдамдататыны көрсететіліп және шаттл әсерін басатынын көрсетті. Дайындалған графен тәрізді кеуекті көміртегі (GPC) айтарлықтай меншікті бетінің ауданы мен айқын мезокеуектілігінің арқасында күкірт ұстап тұрушы матрица ретінде жоғары тиімділік танытты. Сонымен қатар технологиялық есептеулері жасалып, жобаланды.

Жұмыстың өзектілігі

Литий-күкіртті батареялар жоғары теориялық энергия сыйымдылығы (1675 мАсағ $г^{-1}$) және теориялық энергия тығыздығына (2600 Вт сағ $кг^{-1}$) байланысты перспективті энергия сақтау жүйесі ретінде бағаланады. Дегенмен, олардың практикалық қолданылуын шектейтін кейбір кемшіліктер бар, олар күкірттің төмен электр өткізгіштігі (5×10^{-30} С/см) және оның тотықсыздану өнімдерінен туындайтын литий полисульфидтердің электролитте еруі әсерінен болатын шаттл эффектісі. Еріген полисульфидтердің кейіннен анод жағына диффузиясы, күкірт тотықсыздану кезінде түзілетін өнімдерінің тығыздығының айырмашылығынан туындайтын (күкірт 1,66 г $см^{-3}$ және Li_2S 2,03 г $см^{-3}$) көлемінің кеңеюі, бұлардың барлығы жанама реакцияларды, белсенді заттың қайтымсыз жоғалуын және анодтың деградациясын тудырады, нәтижесінде ұяшық сыйымдылығының тұрақтылығы тез төмендейді. Бұл зерттеудің өзектілігі литий-күкіртті аккумуляторларда кездесетін шаттл эффектісі мен көлемдік өзгерістер сияқты негізгі мәселелерді шешуге бағытталған. Биоқалдықтарды, әсіресе күріш қауызын, графен тәрізді кеуекті көміртек өндіруде қолдану – ғылыми, экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді әдіс. Алынған GPC@S катоды мен GPC-NiO-20 сепараторы шаттл эффектісін азайтып, аккумулятордың электрохимиялық өнімділігін арттырады. Алайда, NiO-ның

төмен электр өткізгіштігі оның көміртекті материалдармен композиттерін жасауды қажет етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Литий күкіртті аккумуляторлар үшін қалдық биомасса күріш қауызынан тұратын тиімді графен тәрізді көміртекті күкірт орналастырушы катод материалын және графен тәрізді көміртек пен никель оксидінен тұратын сепараторды модификациялауға арналған композитті материалдар синтездеу

Зерттеу мақсаттарына жету үшін қойылған міндеттер:

1.Био қалдық болып есептелетін күріш қауызынан графен тәрізді көміртек-GPC материалын синтездеу және оның қасиеттерін сипаттау.

2.Li-S аккумуляторлары үшін күріш қауызынан синтезделген графен тәрізді көміртектен және күкірттен тұратын GPC@S катодын дайындау және сипаттау.

3.Сепараторды модификациялау агенті ретінде графен тәрізді көміртектен және никель оксидінен тұратын GPC/NiO композитін синтездеу және сипаттау.

4.GPC@S катоды және GPC-NiO модификацияланған сепараторынан тұратын литий күкіртті аккумулятордың электрохимиялық көрсеткіштерін зерттеу.

5. GPC@S катоды және GPC-NiO-20 модификацияланған сепараторынан тұратын литий күкіртті аккумулятор жасаудың технологиялық сызба-нұсқасын, есептеулерін ұсыну.

Зерттеу әдістері

Энергия-дисперсиялық спектроскопиямен (EDS) жабдықталған сканерлеуші электронды микроскоп (SEM), трансмиссиялық электронды микроскопия (TEM), раман спектроскопия, XRD рентгендік дифракциялық әдісі,рентгендік фотоэлектрондық спектроскопияны (XPS)термогравиметриялық талдау (TGA) , циклді вольтамперометрия (CV), электрхимиялық импеданстық спектроскопия (EIS), хроноамперометрия (CA)

Зерттеу нысаны

Күріш қауызынан синтезделген графен тәрізді көміртек- GPC материалы, GPC/NiO композиті, GPC@S катоды, және GPC@S катоды мен модификацияланған сепараторлары бар литий күкіртті ұяшықтары

Зерттеу пәні

Зерттеу пәні GPC@S катоды мен модификацияланған сепараторлары бар литий күкірт ұяшықтарының сыйымдылығы, өнімділігі, разрядталу/зарядталу потенциалы, өнімдер түзілуінің нуклеациясы, композиттің полисульфидтерді адсорбциялау қаблеті, тотығу-тотықсыздану потенциалы

Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар

1.Күріш қауызы биомассасынан синтезделген графен тәрізді кеуекті көміртек материал жоғары беттік ауданы (2143.5 м²/г), кеуек көлеміне(1.02 см³/г) (микро,мезо, макрокеуектер) және 29.13 % графиттену дәрежесіне байланысты күкіртті кеуектерге жүктеуге хост материал ретінде тиімділік көрсетеді. Күріш

қауызы биомассасынан синтезделген графен тәрізді кеуекті көміртек материалы жоғары меншікті беткі аумағы, үлкен кеуек көлемі және жақсы дамыған микро- және мезокеуекті құрылымы арқасында литий-күкірт аккумуляторларының катодтарын түзу үшін күкіртті тиімді түрде иммобилизациялайды.

2.GPC-ге никель оксидін NiO енгізу LiS ұяшықтағы активті материал полисульфидтердің тотығу және тотықсыздану жылдамдығын арттырып, каталиткалық әсер етеді. Сондай-ақ GPC полисульфидтердің еруіне физикалық барьер көрсетсе, никель оксиді полярлы қасиетіне байланысты химиялық барьер рөлін атқарады. Графен тәрізді кеуекті көміртек бетінде синтезделген никель (II) оксиді нанобөлшектері литий полисульфидтерінің тотығу және тотықсыздану жылдамдығын каталитикалық әсері арқылы арттырады.

3. GPC@S катоды және GPC-NiO-20 модификацияланған сепараторымен түрленген ұяшық, GPC@S катоды модификацияланбаған сепараторы бар ұяшыққа қарағанда жоғары бастапқы сыйымдылық (0,2C-де GPC-NiO-20 сепараторы үшін1519 мА·сағ/г, модификацияланбаған сепараторы бар ұяшық үшін 1190 мА·сағ/г бастапқы сыйымдылық)пен цикл бойынша тұрақтылықты(100 циклден кейін GPC-NiO-20 сепараторы үшін 870 мА·сағ/г, модификацияланбаған сепараторы бар ұяшық үшін 589 мА·сағ/г) жақсартады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

1.Жоғары меншікті беткі ауданы бар графентәрізді кеуекті көміртек (GPC) күріш қауызының биологиялық қалдықтарынан карбонизация және термохимиялық белсендіру процестері арқылы тиімді синтезделді.

2.GPC беті диаметрі 15-тен 30 мкм-ге дейінгі тесіктері бар жақсы дамыған макрокеуекті құрылымға ие екені анықталды.

3.Белсендірілген GPC-дегі графиттену деңгейі шамамен 29,13% деп есептелді. GPC-нің өлшенген меншікті беткі ауданы 2143,5 $м^2/г$, ал жалпы кеуек көлемі 1,020 $см^3/г$ құрады.

4.Алғаш рет балқыманы диффузиялау әдісі арқылы күкірт катодын жасау үшін графентәрізді кеуекті көміртек (GPC) қолданылды.

5.Әртүрлі құрамы мен GPC-нің $Ni(NO_3)_2$-ге қатынасы бар NiO нанобөлшектерімен модификацияланған GPC композиттері синтезделіп, олар сепаратор модификаторы ретінде тиімді екенін көрсетті.

6.NiO нанобөлшектерін GPC құрылымына қосу арқылы композиттің меншікті беткі ауданы едәуір ұлғайып, 2476,6 $м^2/г$-ге жеткені анықталды.

7.GPC@S катоды және GPC-NiO-20 модификацияланған сепараторы бар элемент литий полисульфидтерінің тотығу-тотықсыздану реакцияларын жеделдететіні және шаттл-эффектті төмендететіні көрсетілді. Атап айтқанда, GPC@S/GPC-NiO-20 элементі жоғары бастапқы разрядтық сыйымдылықты (0,2 C кезінде 1519 мА·сағ/г), ұзақ циклдік тұрақтылықты (400 цикл ішінде 1 C кезінде сыйымдылықтың 0,091% төмендеуі) және жоғары ток қарқындылығындағы өнімділікті (2 C кезінде 568 мА·сағ/г) көрсетті.

8.Алғаш рет GPC@S катоды мен GPC-NiO-20 модификацияланған сепараторы бар литий-күкірт аккумуляторын жасауға арналған композициялық материалдарды өндірудің принциптік технологиялық сызбасы әзірленді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу

Бұл жұмыс литий-күкіртті аккумуляторларда катодтық және сепараторлық материалдар ретінде пайдалану үшін күкірт пен NiO безендірілген графен тәрізді кеуекті көміртекті (GPC) композиттерінің алғашқы сәтті дамытуын ұсынады. Карбонизация және термохимиялық белсендіру арқылы күріш қауызы биомассасынан GPC синтезі литий-күкіртті аккумуляторларда электрохимиялық өнімділігін айтарлықтай арттыратын жаңа, экологиялық таза тәсіл болып табылады. Бұл әдіс күкіртті тиімді орналастыру үшін GPC бетінің жоғары ауданы мен мезокеуектілігін пайдаланады, нәтижесінде күкірт катодының жұмысын жақсартады.Сонымен қатар, жұмыс GPC-NiO композиттерін литий-күкіртті аккумуляторларда сепаратор модификаторлары ретінде пайдалануды ұсынады, бұл литий полисульфидтерінің шаттл әсерін азайтуға көмектесетін жаңа тұжырымдама. Бұл зерттеудің маңыздылығы тек жаңа материалдар мен әдістердің жаңашылдығында ғана емес, сонымен қатар биомасса қалдықтарын (күріш қабығы) озық аккумуляторлық материалдардың ресурсы ретінде пайдаланудың экологиялық тиімділігінде. Нәтижелер өнімділігі жоғары, экологиялық таза энергия сақтау шешімдерін әзірлеуге ықпал етеді және литий-күкіртті аккумуляторлар технологияларын дамытуда тиімді әдістердің бірін ұсынады.

Теориялық маңыздылығы

Бұл зерттеудің теориялық маңыздылығы күкірт орналастырушы матрица ретінде биомассадан алынған графен тәрізді кеуекті көміртекті (GPC) және сепаратор модификаторы ретінде NiO безендірілген GPC пайдалану арқылы литий-күкіртті батареялардың жұмысын жақсартудың жаңа тәсілін әзірлеуде жатыр. Бұл жұмыс күкіртті графен тәрізді материалдар және металл оксиді композиттерін қолдана отырып литий күкіртті аккумуляторда болатын шаттл эффектісі және көлемдік ұлғаюды азайту сияқты негізгі мәселелерді шешу арқылы электрохимиялық өнімділікті қалай жақсарта алатынын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу тиімді энергия сақтау жүйелерін жобалаудың жаңа бағытын ұсына отырып, биомасса қалдықтарын жоғары өнімді батарея материалдарының тұрақты көзі ретінде пайдаланудың теориялық негізіне ықпал етеді.

Практикалық маңыздылығы

Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы литий-күкіртті аккумуляторлар үшін олардың электрохимиялық өнімділігін, айналу тұрақтылығын және жылдамдық қабілетін арттыратын тұрақты және тиімді күкірт хостын және сепаратор модификаторын әзірлеуде жатыр. Биомассадан алынған графен тәрізді

кеуекті көміртекті (GPC) пайдалану кәдімгі материалдарға үнемді және экологиялық таза балама ұсынады, бұл оны жоғары өнімді, экологиялық таза энергия сақтау жүйелерінің болашағы үшін перспективалы тәсіл етеді.

Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға (жобаларға) сәйкестігі

Жоба коды: OPFE2021001 «Қорғаныс және аэроғарыштық қолданбаларға арналған жаңа материалдар мен құрылғылар», 2021-2023, NLA Астана, энергетика және жаңа материалдар туралы ғылым орталығы зерттеу жобасы

Зерттеу авторының жеке үлесі диссертация тақырыбы бойынша әдеби деректерді дайындау және талдау, GPC@S катодын синтездеу, NiO безендірілген GPC синтездеу бойынша тәжірбиелер жүргізу, ұяшық жинау, нәтижелерді жинақтау және талдау

Жұмыстың сыннан өтуі

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері төмендегі Халықаралық және республикалық конференцияда ауызша баяндалды және талқыланды:

mESC-IS 2023-пен бірлескен10-шы Халықаралық конференция (INESS–2023)». 2023 жыл, 17–21 шілде, Түркия, Акияка қаласындағы Мугла университеті.

METE–2023 халықаралық ғылыми-техникалық конференциясы, 2023 жыл, 15–19 мамыр, Минск қаласы, Беларусь Республикасы.

11-ші Халықаралық конференция (INESS–2024)». 2024 жыл, 7–9 тамыз | Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы

1. Fail Sultanov, Nazerke Zhumasheva, Akmaral Dangaliyeva, Azhar Zhaisanova, Nurzhan Baikalov, Batukhan Tatykayev, Mukhtar Yeleuov, Zhumabay Bakenov, Almagul Mentbayeva, “Enhancing lithium-sulfur battery performance with biomass-derived graphene-like porous carbon and NiO nanoparticles composites”-Journal of Power Sources-2024-тәжірбие жүргізу,мақала түпнұсқасын жазу

2. Н. Жумашева.,М. Турсынбек, Ф. Султанов, А. Ментбаева, Л. Кудреева, Ж. Бакенов “Литий-күкіртті аккумуляторларға арналған никель оксидінің нанобөлшектері бар күріш қауызына негізделген кеуекті графен тәрізді көміртекті композит” Известия НАН-РК-2024№4- тәжірбие жүргізу,мақала түпнұсқасын жазу

Диссертацияның көлемі мен құрылымы

Диссертация кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындылардан және 101 беттен тұрады, 25 сурет, 10 кесте және 142 библиографиялық сілтемелерді қамтиды.

1. ӘДЕБИ ШОЛУ

1.1. LiS батареясы туралы жалпы түсініктер

Уақыт өте келе халықтың санының өсуіне және экономикалық өсуге және өмір салтындағы жетістіктерге байланысты энергияға деген сұраныс тұрақты түрде артуда. Дүние жүзінде халық санының үнемі өсіп келе жатқанын және қазба отындардың жаппай тұтынылуын ескере отырып, біздің қазіргі өмір салтымызда энергияға деген артып келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін жаңартылған және экологиялық таза энергия көздерін енгізудің маңызы аса зор[1]. Алайда, күн және жел энергиясына негізделген энергия көздерінің көрсеткіштері әрдайым құбылмалы және тұрақсыз болғандықтан, жаңартылатын энергия көздерінен өндірілетін электр энергиясын тиімді сақтау үшін және күнделікті өмірімізді үздіксіз энергиямен қамтамасыз ету үшін энергия сақтау жүйелерінің озық түрлерін пайдалану өте маңызды. Дәл осы жерде электрохимиялық энергияны сақтау және қайта зарядтала алу мүмкіндіктері бар аккумуляторлы батареялардың атқаратын рөлі үлкен екенін байқауға болады[2]. Сонымен қатар, қазба отынын тұтынудың көп бөлігі көлік үшін пайдаланылатындықтан, ішкі жану қозғалтқыштарынан электромобильдерге ауысу XXI ғасырда өте маңызды[3]. Дегенмен, соңғы үш онжылдықта портативті электроникада үстемдік еткен литий-ионды аккумуляторлар электромобильдер мен энергия сақтау құрылғыларының жаңа буындары үшін жоғары энергия қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Себебі кәдімгі литий-ионды батареялар интеркаляциялық типтегі электродтық материалдарға негізделген, ал литий иондарын тек топологиялық тұрғыдан белгілі бір жерлерге интеркалациялауға болады, бұл олардың зарядты сақтау сыйымдылығы мен энергия тығыздығын шектейді. Сондықтан қазіргі литий-ионды батареялардан тыс, жоғары энергия қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатын басқа да батареяларды зерттеу үлкен сұранысқа ие [4-5].Қайта зарядталатын батареялар электр энергиясын сақтаудың ең өміршең нұсқаларының бірі болып табылады. Қорғасын-қышқыл, никель-кадмий, никель-металл гидриді және литий-ионды аккумуляторлар сияқты қайта зарядталатын аккумуляторлық жүйелер ғасырдан астам уақыт бойы әртүрлі қолданбаларда, мысалы, портативті электронды құрылғылар мен автомобильдерде қолданып келеді. Тасымалданатын электрониканың функционалдық мүмкіндіктері күрделене түскен сайын және электр көліктеріне және жаңартылатын көздерден электр энергиясын сақтауға сұраныс артқан сайын, жетілдірілген қайта зарядталатын батареяларды әзірлеу қажеттігі де артып келеді. Аккумуляторларға қойылатын маңызды критерийлер: құны, энергия, қуат, циклдің қызмет ету мерзімі, қауіпсіздік және қоршаған ортаға сәйкестігі [6-8].

Литий-сульфидті аккумуляторлар (ЛСА) деп металл литий және элементтік күкірттің электрохимиялық жүйесіне негізделген электр энергиясын сақтау

құрылғылары айтылады. Литий-күкіртті аккумуляторларда оң электродтың белсенді материалы ретінде элементтік күкірт, ал теріс электродтың белсенді материалы ретінде литий металы қолданылады[9]. Элементтік күкірт химиялық ток көздерінің оң электродтары үшін тиімді материал болып табылады, өйткені оның жоғары электрохимиялық сыйымдылығы 1675 мАсағ/г тең[10]. Элементтік күкірттің стандартты электродтық потенциалы аса жоғары болмаса да (литий эталондық электродқа қатысты 2,4 В), литий күкірт жүйесінің теориялық меншікті энергиясы 2600 Вт/кг жетеді[11] . Литий-сульфидті электрохимиялық жүйенің артықшылығы күкірттің қолжетімділігі, арзандығы және улы еместігі болып табылады. Дегенмен, литий-сульфидті электрохимиялық жүйенің тиімділігіне қарамастан, литий-сульфидті батареялар әлі қолданыс аясына енгізілмеген. Оның негізгі себебі – оларды зарядтау, разрядтау және сақтау кезінде болатын химиялық, физика-химиялық және электрохимиялық процестердің күрделілігіне байланысты[12]. Литий-сульфидті электрохимиялық жүйесінің бірегей энергетикалық сипаттамалары күкірт пен литий полисульфидтерінің ЛСА разрядында электрохимиялық тотықсызданууында және олардың зарядталу процесінде литий сульфидінің тотығуында жүретін процестердің әртүрлілігі мен күрделілігі арқылы сипатталады[13].Литий-йонды батареялар соңғы екі онжылдықта, әсіресе портативті электроника үшін танымал болды, өйткені олар басқа қайта зарядталатын жүйелерге қарағанда әлдеқайда жоғары энергия тығыздығын ұсынады. Энергия тығыздығын одан әрі арттыру үшін анод пен катод материалдарының зарядты сақтау сыйымдылығын арттыру ,ұяшық кернеуін арттыру немесе екеуін де арттыру арқылы қол жеткізу қажет. Дегенмен, қазіргі уақытта қол жетімді сұйық электролиттердің шектеулі электрохимиялық тұрақтылығы катод үшін кернеуді ~4,3 В-тан жоғары көтеруді қиындатады[14]. Литий-күкіртті (Li-S) батареялар энергияның жоғары тығыздығы 2600 Вткг$^{-1}$, теориялық сыйымдылығы 1675 мАсағг$^{-1}$, табиғи қолжетімділігі мен улы еместігінің арқасында болашақта потенциалды энергия сақтау құрылғысы ретінде көп назар аудартады. Катод ретінде күкірттің пайдасы анық, бірақ еңсеру қажет бірнеше негізгі қиындықтарға байланысты коммерциялық қолдану осы уақытқа дейін шектеулі болды [15]. Күкірт иондық және электрлік оқшаулағыш болып табылады, бұл бірінші маңызды мәселе. Сондай-ақ разряд өнімдері болып табылатын төменгі ретті литий полисульфидтері (Li_2S_2 және Li_2S) де оқшаулағыштар:. Разрядталу кезінде түзілетін жоғары ретті полисульфидтер (Li_2S_x, x=4-8) органикалық электролиттерде өте жақсы еритін күкіртті аралық өнімдер болып табылады. Зарядталу/разрядталу кезінде полисульфидтер анод пен катод арасында ауыса алады, бұл белсенді материалдың жоғалуына, Li анодының пассивациясына және кулондық тиімділіктің төмендеуіне алып келеді. Li-S батареяларының жоғарыда аталған мәселелерді шешу және электрохимиялық көрсеткіштерін жақсарту үшін әртүрлі әдістер ұсынылуда. Олардың қатарында күкірт пен литий

полисульфидтерінің өткізгіштігін жақсарту үшін өткізгіш агенттерді қосу, көлемнің кеңеюін басу үшін әртүрлі кеуекті көміртекті текстураларды және буферлеуші қоспаларды пайдалану, литий полисульфидтерінің шаттл эффекстісін болдырмау үшін физикалық шектеуді қолдану,полисульфидтерді химиялық адсорбциялау және еритін литий полисульфидтерінің аралық өнімдерін ұстауға арналған сепаратор дизайнын жасап пайдалану эффективтілікті арттырудың жолдары болып есептеледі[4 ,3б].

Кеуекті көміртекті материал күкіртті орналастыру үшін жоғары арнайы бет аймағын, сонымен қатар жоғары электр өткізгіштік пен инерцияны ұсына алады. Көміртекті кеуектер күкіртті кеуектерде орналастыра алады және күкірт пен литий полисульфиді арасындағы электрохимиялық түрлендіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, көміртекті материалдар полярлы емес және полисульфидтер полярлы болғандықтан, көміртекті материалдардың литий полисульфидінің түрлерімен айтарлықтай фазааралық әрекеттесулері жоқ[16]. Шаттл эффектісін полярлы емес көміртегі композицияларымен полярлы литий полисульфидтері арасындағы әлсіз физикалық адсорбциялау арқылы басу мүмкін емес, ал полярлы емес көміртекті материалдар литий полисульфидінің конверсиясы мен Li_2S нуклеациясының кинетикасын жақсарту үшін электрокаталитикалық белсенділікке ие емес. Шаттл эффекстісін азайтуға бағытталған зерттеу жұмыстарында кеуекті көміртектер, көміртекті нанотүтіктер, көміртекті наноталшықтар, графен және графен туындылары, металл-органикалық құрылымдар (MOF) және металл оксидтері өткізгіш матрицалар ретінде зерттелген. Көміртекті полярлы гетероатомдармен (O, B, N, P және S) легирлеу, металл қоспаларын қосу және полимерлі қоспалар арқылы литий полисульфидтер адсорбциясына ықпалын арттыруға болады [17-20].

Күкіртті 1962 жылы Гербет пен Улам электрлік құрғақ элементтерде және аккумулятор батареяларында оң электрод материалы ретінде пайдаланған. Ол кезде қолданылған электролиттер біріншілік, екіншілік қаныққан алифаттық аминдерде (бутилді және амилді аминдерде) ерітілген сілтілі перхлорат, йодид, бромид немесе хлорат болды. Кейінірек Рао органикалық электролиттері бар жоғары энергиялық тығыздықты металл-күкіртті аккумуляторларды арнайы патенттеп, 1966 жылы металл-күкіртті элементтердің теориялық энергия тығыздығын ұсынды. Ұяшықтың ашық тізбектегі кернеуі есептелген мәнінен 2,52 В-тен төмен 2,35 және 2,5 В аралығында болған [21-22]. Ондаған жылдар бойы жүргізілген зерттеулерге қарамастан, Li-S аккумуляторлары ұзақ уақыт бойы төмен разряд сыйымдылығынан және циклдік пайдалану кезінде сыйымдылықтың тез төмендеуі салдарынан сәтсіздікке ұшырады. Сонымен қатар, Sony Co компаниясының литий-ионды батареяларды коммерцияландыруымен 1990 жылдары Li-S аккумуляторларын зерттеу біраз уақытқа тоқтады[23]. Тек 2000 жылдары электромобильдер мен желілік энергияны сақтау сияқты жаңа қосымшалардың қарқынды дамуы

аккумулятордың меншікті энергиясына деген сұраныстарды арттырды. Интеркаляциялық химияға негізделген дәстүрлі литий-ионды батареялардың энергия тығыздығы шегіне жеткенде, Li-S аккумуляторларын зерттеу қайта басталды [24].

Өздігінен разрядталу деңгейінің төмен болуы — энергия сақтау құрылғыларын тәжірибелік тұрғыда қолданудың тиімділігін бағалаудағы маңызды критерийлердің бірі болып табылады. Өкінішке орай, Li-S батареялары никель-кадмий немесе дәстүрлі никель-металл гидридті аккумуляторлары сияқты күшті өздігінен разрядқа ие. Кейбір органикалық электролиттерді пайдаланған кезде полисульфидтердің еруі Li−S ұяшықтарында сөзсіз болғандықтан, күкірт/жоғары ретті полисульфидтер зарядталғаннан кейін тыныш күйде де электролитте баяу ериді. Батареялар жұмыс істеп тұрған кезде, белсенді материал концентрация градиентіне байланысты бірте-бірте ериді және анодқа ауысады, содан кейін литий металымен әрекеттеседі, содан кейін жоғары ретті полисульфидтерге айналады, нәтижесінде ашық тізбектегі кернеу және разряд сыйымдылығы төмендейді[25]

Күкірт катодының теориялық сыйымдылығына байланысты (1675 мАсағ $г^{-1}$), бұл Li−S аккумулаторлары үшін 500 Втсағ $кг^{-1}$ гравиметриялық энергияны қамтамасыз етеді. Li-S аккумуляторларын коммерцияландыруға кедергі келтіретін қиындықтар күкірттің өзіндік қасиеттерінен туындайды. Күкірттің көптеген аллотропиялық түрөзгерістері бар, олардың ең тұрақты түрі орторомбты α-S_8 болып табылады және ол иілген сақина тәрізді сегіз күкірт атомынан тұрады [26].

Қорытындылай келе, литий-сульфидті аккумуляторлар (Li-S) жоғары теориялық энергия тығыздығы мен сыйымдылығы, сондай-ақ күкірттің табиғи қолжетімділігі мен улы еместігі арқасында перспективалы энергия сақтау жүйесі ретінде қарастырылады. Алайда, бұл жүйенің практикалық қолданысын шектейтін бірқатар мәселелер бар. Олардың қатарына күкірт пен литий сульфидтерінің өткізгіштігінің төмендігі, белсенді материалдың электролитте еруі нәтижесінде пайда болатын шаттл эффектісі және өздігінен разрядталу құбылысы жатады. Қазіргі таңда бұл мәселелерді шешу мақсатында көміртекті және полярлы материалдар негізінде катодтық архитектураны жетілдіру, сепаратор құрылымын оңтайландыру, сонымен қатар полисульфидтердің миграциясын шектеу әдістері белсенді түрде зерттелуде. Жалпы алғанда, Li-S аккумуляторларының тиімділігін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан ғылыми ізденістер олардың болашақта жоғары энергия сыйымдылығын талап ететін салаларда кеңінен қолданылуына негіз бола алады.

1.2 Литий сульфидті аккумуляторлардың жұмыс істеуіне әсер ететін сипаттамалары

Күкірттің электрохимиялық қасиеттері өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғынан бастап үлкен қызығушылық тудырды . 70-ші жылдардың ортасында литий-күкірт электрохимиялық жүйесі негізінде қайталама химиялық ток көздерін құруға бағытталған зерттеулер басталды[27]. Бірақ жарты ғасырға жуық тарихқа қарамастан, литий-күкірт жүйесіне негізделген коммерциялық қолайлы электрохимиялық аккумуляторлар әлі жасалмаған. Литий-күкіртті аккумуляторлардың зертханалық прототиптерін жасау және әзірлеу әрекеттері бірқатар кедергілерге тап болды [28]. Күкірттің оқшаулану табиғаты және оның толық тотықсыздану өнімі – литий сульфиді (Li_2S) - күкіртті толық пайдалануға мүмкіндік бермейді [29-30]. Екіжақты тотығу-тотықсыздану механизмі (shuttle mechanism) [31], литий полисульфидтерінің электролит ерітінділерінде ерігіштігінен туындаған механизмнің сыйымдылықтың төмендеуіне және Кулон циклінің тиімділігінің азаюына әкеледі[32] . Оң электродтың ~80% көлемдік кеңеюі, бұл ұяшықты циклдеу кезінде электрод құрылымының бұзылуына әкеледі және күкірттің оның өткізгіш фазасынан оқшауланууына байланысты тиімсіз аймақтарды тудырады, осылайша сыйымдылықтың төмендеуіне әкеледі [33-34]. Зарядтау-разрядтау циклі процесінде литийдің ұсақ дисперсті тұнбаларының (дендриттердің) пайда болуы[35] , бұл ұяшықтардың ішкі көлемінің ұлғаюына, ішкі қысқа тұйықталу қаупінің жоғарылауына, литий металымен әрекеттесу кезінде электролиттік жүйенің компоненттерінің жойылуына және ішкі кедергінің жоғарылауына[36] әкеледі. Литий-күкірт ұяшықтарының (ЛКҰ) өзін-өзі разрядтауы қызмет ету мерзімін шектейді, сыйымдылықтың тез төмендеуіне және тіпті өнеркәсіптік өндіріске негізгі кедергілердің бірі болып саналады [37].

Литий-күкірт аккумуляторын зарядтау, разрядтау және сақтау кезде басқа электрохимиялық жүйелерге негізделген батареялармен салыстырғанда әлдеқайда күрделі процестер жүреді. Сонымен қатар, литий-күркітті акуумуляторлардың басқа аккумуляторлармен салыстырғанда өзіне тән артықшылықтары бар. Ол келесі суретте көрсетілген (Сурет 1.):



Сурет 1 – Литий сульфидті аккумулятордың артықшылықтары

Литий металын анодты материал ретінде пайдаланған кезде литий анодын еріген полисульфидтер реакцияларынан және литий дендриттерінің өсуінен қорғаудың тиімді және үнемді әдісін жасау маңызды. LiS батареяларындағы электрохимиялық процесс барлық басқа қайта зарядталатын батареяларға қарағанда әлдеқайда күрделі. Батареяның құрам бөлігі литий-күкірт батареяларының циклдік жұмысына әсер етуде шешуші рөл атқарады [38-39]. Зарядталған күйдегі литий-күкірт батареяларының оң электродының белсенді материалдары элементар күкірт, ал разрядталған кезде литий сульфиді болып табылады. Элементар күкірт-ашық сары түсті кристалды зат. Күкірт S_2, S_4, S_6, S_8 (күкірт аллотропиясы) әртүрлі молекулалық формаларында болуы мүмкін[40]. Күкірт сонымен қатар полиморфизм құбылысымен сипатталады, яғни әр түрлі кеңістіктік формаларда өмір сүруге қабілетті. Қалыпты жағдайда күкірттің екі модификациясы тұрақты – α және β. Күкірттің α-модификациясының тығыздығы 2.07 г/см^3 , ромб тәрізді кристалданатын кәдімгі сары күкірт, күкірттің β-модификациясы – моноклинді түрде кристалданатын және тығыздығы 1.96 г/см^3 тең болатын күкірттің модификациясы. 95,6°С температурада күкірттің α-модификациясы β-модификацияға ауысады. Күкірттің ең тұрақты аллотропты түрі – S_8 циклдік күкірт молекуласы, ал күкірттің ең тұрақты полиморфты модификациясы – ромбтық күкірт. Күкірттің ерекшелігі – ол катенацияға, яғни тізбекті құрылымдардың құру қабілетінің болуы. Күкірттің катенация қабілеті күкірт пен оның қосылыстарының химиясын анықтайды [41-42].

Литий сульфиді – суда, спиртте және басқа да протонды еріткіштерде жақсы еритін ашық сары немесе түссіз кристалды зат. Литий сульфидінің тығыздығы 1.64 г/см^3, балқу температурасы 1372 °С. Литий сульфиді кристаллогидраттар

түзбейді. Ылғалды ауада литий сульфиді гидролизденеді және литий тиосульфатына дейін тотығады. Литий сульфиді фторит типіндегі бетке бағытталған текше тормен сипатталады [43-45].
Күкірт те, литий сульфиді де диэлектриктер болып табылады және қатты күйде электрохимиялық белсенділікке ие емес. Алайда күкірт апротонды диполярлы еріткіштерде (АДЕ) және олардың негізіндегі электролиттерде өте жақсы ериді[46]. АДЕ-тегі литий сульфиді ерімейді, бірақ электролиттерде еріген күкірт немесе ұзын және орташа тізбекті литий полисульфидтері болған кезде ол төменгі өлшемді литий полисульфидтері ретінде ери алады (1.1 және 1.2 теңдеулер):

$$Li_2S(\text{қатты}) + S_8(\text{ерітінді}) \rightarrow Li_2S_n\ (\text{ерітінді}) \quad (1.1)$$

$$Li_2S(\text{қатты}) + Li_2S_n\ (\text{ерітінді}) \rightarrow Li_2S_m(\text{ерітінді}) + Li_2S_k\ (\text{ерітінді}) \quad (1.2)$$

мұнда: m+k=n+1

Литий полисульфидтері –бұл полисульфан қышқылдарының литий тұздары [35] және тек ерітінділерде болады. Литий полисульфидтерінің негізділігі полисульфидтік тізбектегі күкірт атомдарының санына байланысты және күкірт атомдарының санының артуымен азаяды. Ұзын тізбекті литий полисульфидтерінің молекулалары бірнеше конформациялық күйлерде болуы мүмкін, олардың ең тұрақтылары:
(а) литий атомдары бар sp^3 гибридті күйдегі күкірт атомдарының зигзаг тізбектері және
(б) литий атомдарының "сақинасына" жабылатын күкірт атомдарының тізбектері [47-49].

LiS аккумуляторында разрядталу/зарядталу кезінде көпэлектронды тасымалдау процесін қамтитын жоғары және төменгі ретті полисульфидтер түзілуімен жүретін процестер элементтік күкірт пен литий арасындағы электрохимиялық реакцияға негізделген [39, 50-51]. Зарядталу/разрядталу кезінде электрлік оқшаулағыш өнімдер(S_8, Li_2S_2, Li_2S) мен литий полисульфидтері аралық өнімдер түзілуінің баяу кинетикасы мен күрделі түрлену процестері жүреді. Сонымен қатар, бұл аралық өнімдер ұзын тізбекті полисульфидтер органикалық сұйық электролиттердің көпшілігінде жақсы ериді және катод пен анод арасында қозғала алады, нәтижесінде белсенді материалдардың аз пайдаланылуына әкеледі. Сонымен қатар, S_8, Li_2S_2, Li_2S түрлендіру өнімдері түзілулері кезінде көлемнің ұлғаюы (80%) катодтың механикалық қасиеттерінің нашарлауына әкеледі. Бұған қоса, литий дендриттерінен туындаған қауіпсіздік мәселелері мен еритін жоғары ретті полисульфидтер және электролиттер арасындағы жағымсыз реакциялар,

тұрақсыз қатты электролит интерфейсі (SEI) қосымша назар аударуды қажет етеді [8, 52-53].

Күкірт пен төменгі ретті литий сульфидтері оқшаулағыш болып табылады, бұл электродтарға өткізгіш қоспаларды енгізуді қажет етеді. Конверсия реакциясы кезінде түзілген аралық литий полисульфидтері қазіргі уақытта қолданылатын сұйық электролиттерде ериді. Осының барлығы қайтымды, тұрақты және тиімді күкірт катодтарын жасауда үлкен қиындықтар туғызады. Дегенмен, соңғы жылдары жаңа нанокомпозиттерді, тиімді электролиттер мен жаңа ұяшық конфигурацияларын әзірлеу арқылы қайта зарядталатын Li-S аккумуляторларын жасауда айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. Li-S аккумуляторлары ең перспективалы жаңа буынның жоғары қуатты тығыздығы бар қайта зарядталатын батарея химияларының бірі болып саналғанымен, оларды практикалық қолданбаларда пайдалану үшін циклдің қызмет ету мерзімі мен тиімділігін арттыру қажет [46,54-55].

Li-S аккумулятор ұяшығы литий металды аноды, органикалық электролит, күкіртті композициялық катод сепаратордан тұрады. Күкірт аккумуляторында алдымен разрядталу жүреді. Литий металы разряд реакциясы кезінде теріс электродта тотығады, литий иондары мен электрондарын түзеді. Өндірілген литий иондарының оң электрод ішіндегі электролит арқылы қозғалуы және оң электродқа жету үшін сыртқы электр тізбегі арқылы қозғалатын электрондар нәтижесінде электр тогы пайда болады. Оң электродта күкірт литий иондары мен электрондарды қабылдау арқылы литий сульфидін түзу үшін тотықсызданады. Анодтағы литий металл разряд процесі кезінде электрондарды жоғалту арқылы литий иондарына (Li^+) айналады және бұл иондар катодқа өту үшін электролит арқылы диффузияланады. Литий электрондарды жоғалтады, олар катодқа сыртқы тізбек арқылы жіберіледі. Электролитте еритін ұзын тізбекті литий полисульфидінің (LiPS) аралық өнімдерінің тізбегі, атап айтқанда Li_2S_x, мұнда x = 4–8, электрондар мен Li^+ иондары күкірт катодына жеткенде түзіледі. Бұл аралық өнімдер одан әрі ерімейтін қысқа тізбекті литий сульфидтерге айналады (Li_2S_x; x = 1-2). Қысқа тізбекті литий сульфидтер зарядтау процесі кезінде қайтадан кері айналу арқылы ұзын тізбекті литий полисульфидтерге ауысады[56]. Күкірт пен қысқа тізбекті литий сульфидтері оқшаулағыш қасиеттерінен туындаған поляризация мен өнімділіктің төмен жылдамдығы, ,ұзын тізбекті полисульфидтердің шаттл әсерінен туындаған қайтымды сыйымдылықтың айтарлықтай жоғалуы батареяның қызмет ету мерзімін қысқартады. Батареяның литий металына байланысты туындайтын дендриттерден туындаған қауіпсіздік мәселесі де бар. Негізгі құрамдас ретінде күкірт катоды LiS акуумуляторларының электрохимиялық өнімділігінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан, күкірт катодтарының ақауларын LiS акуумуляторларында коммерциялық мақсатта қолданар алдында шешу керек. Күкірт катодын жақсарту үшін зерттеулердің көпшілігі полисульфидтердің

шаттл әсерін тежеу арқылы литий полисульфидтері (LiPS-тің) еруін немесе түзілуін шектеуге бағытталған. Сондай-ақ күкірт тікелей ерімейтін қысқа тізбекті сульфидтерге айналуы үшін еритін ұзын тізбекті полисульфидтердің түзілуін болдырмауға бағытталған зерттеулер бар, осылайша катодтың өнімділігін арттыру үшін литий-күкірт реакциясының механизмін өзгертеді.[57] Ол LiPS-тердің еруін тежеу немесе болдырмау арқылы жасалған жоғары тұрақтылық пен қауіпсіздікке байланысты смартфондар, камералар, электрлік велосипедтер және төмен жылдамдықты электр көліктері сияқты шағын электронды құрылғыларды қуаттандыруға жарамды. Жоғары өнімділікке қол жеткізу үшін литий полисульфидтері әсерінен туындайтын шаттл эффект мәселесі шешілуі керек[53][58][59]. Зерттеудің басты назары еритін LiPS-терді жылдам түрлендіруге аударылуы керек, ал аралық өнімдердің сұйық пен қатты денеге айналу жылдамдығын және күкіртті қалпына келтіру реакциясының кинетикасын жеделдететін катализаторларды қолдану арқылы жоғарылату керек. Демек, LiS-тегі LiPS-тердің еритін немесе ерімейтін күйі болашақта нақты қолдану сценарийлері негізінде жобалануы керек. Күкіртті қаптау және бекіту үшін күкіртті катодты материалдарды модификациялаудың әртүрлі физикалық және химиялық әдістер әзірленіп зерттелуде. Зерттеу кезінде назарға алынуы тиіс шаралар литий полисульфидінің еруін тежеу, еріген литий полисульфидінің жылдам түрленуіне ықпал ету және литий-күкірт реакциясының механизмін реформалау болып табылады [55-60].

Бастапқы разряд кезінде күкірттің элементарлы молекулалары (S_8) электрондарды қабылдап, электроактивті Li-полисульфидтер тізбегін құрайды, олар жиі қолданылатын еріткіштерде ериді және ұяшық бойымен анодқа қарай еркін қозғалады. Әдетте бөлме температурасында сыналған Li-S ұяшығының разрядтық қисықтары жоғары және төмен кернеулі екі иілу қисықтарын көрсетеді. 2,3 В шамасында кернеу S_8-дің ұзын тізбекті литий полисульфидтеріне (Li_2S_x, мұнда $4 < x < 8$) тотықсызануына сәйкес келеді, ал 2,1 В-қа жақын кейінгі плато бұл полисульфидтердің Li_2S_2 және Li_2S-ке одан әрі тотықсызануын білдіреді [53, 61-62]. Күкірт 25 °C температурада төмен өткізгіштікке ие, ал оның Li_2S/Li_2S_2 разрядтық өнімдері де нашар өткізгіштер. Сондықтан белсенді материалдардың ток коллекторынан электрондарды тез алуы немесе жоғалтуы қиын, бұл электронды кедергінің жоғарылауына және төмен жылдамдық өнімділігіне әкеледі. Сонымен қатар, оқшауланған Li_2S күкірт катодында және литий анодында тұнбаға түскенде, одан әрі литийлеу айтарлықтай кедергі болады немесе тіпті тоқтатылады. Демек, разряд сыйымдылығы төмендеген кезде белсенді материалды пайдалану төмен болады. Күкірт (2,03 гсм $^{-3}$) мен Li_2S (1,66 г см$^{-3}$) арасындағы массалық тығыздықтың айырмашылығына байланысты күкірт толығымен Li_2S-ке ауысқанда көлемнің кеңеюі шамамен 80%-ға дейін жетуі мүмкін [63-65]. Бұл қайталанатын цикл кезінде электрод құрылымының бұзылуына әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік мәселелеріне қатысты, ішкі электрлік

қысқа тұйықталу сияқты жағымсыз факторлар маңызды қауіпсіздік мәселелерін тудыруы ықтимал. Литий металы кремний және көміртегі сияқты басқа балама анодтық материалдарға қарағанда жоғары теориялық меншікті сыйымдылықты (3860 мАсағг$^{-1}$) және төмен потенциал (3,045 В) көрсететініне қарамастан, литий металды анодын пайдалану дендриттің өсуімен сепараторды тесіп кетуі мүмкін, нәтижесінде қысқа тұйықталу немесе өрт тудыру қаупі бар. Полисульфидтердің шаттл әсері, разряд процесі жоғарыда айтылғандай қарапайым емес, бірақ LiS аккумуляторлары үшін жиі қолданылатын эфир негізіндегі электролитте түзілетін аралық ұзын тізбекті полисульфидтер (Li_2S_4, Li_2S_6, Li_2S_8) қатарымен жүретін күрделірек екі электронды қосып алумен жүретін тотықсыздану процестеріне жатады [66]. Ұзын тізбекті полисульфидтер электролитте оңай ериді, нәтижесінде белсенді материалдың қайтымсыз жоғалуы және осылайша сыйымдылықтың тез төмендеуі болады, сондай-ақ концентрация градиентінің әсерінен катодтан анодқа дейін, анодтан катодқа дейін полисульфидтердің электродтар арасында алға және артқа қозғалысы электр өрісін тудырып, бұл ұзақ заряд-разрядқа, өздігінен разрядталу құбылысына, демек кулондық тиімділіктің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, қысқартылған қысқа тізбекті полисульфидтер электродтың бетінде электрохимиялық белсенді емес қабаттар түзуі мүмкін. Бұл белсенді материалдардың біркелкі таралуына байланысты кедергіні/қарсылықты жоғарылатады, яғни батареяның өнімділігін одан әрі нашарлатады. Осы қиындықтарды шешу үшін жарияланған жұмыстардың көпшілігі күкіртті иммоболизациялауға арналған негізгі материалдарды жобалауға және жасауға бағытталған (әр түрлі көміртекті материалдар қолданысы) іргелі зерттеулер [67-70].

S_8-дің Li_2S-ке дейін тотықсыздануы еритін полисульфидті аралық өнімдерінің сериясы арқылы жүреді. Олардың еруі негізгі конверсиялық реакцияларды жеңілдету үшін қажет болса да, катодтан полисульфидтер диффузиясы қайтымсыз S активті материалдың жоғалуына әкеледі және осылайша ұяшықтың жұмысына зиян келтіреді. Физикалық барьермен мұндай диффузияның алдын алу немесе С көміртек және полисульфид арасындағы химиялық әрекеттесулерді күшейту қарқынды зерттеу тақырыбы болып табылады. Разрядтың соңында Li_2S-тің кейінгі электродтың тұрақсыздануын болдырмау үшін үлкен көлемді кеңейтуді (80%) сыйдыра алатын немесе жұмсарта алатын механикалық көміртек қорғағышын қажет етеді. Тұндырылған Li_2S электрондарды тиімді тасымалдауға мүмкіндік беру үшін көміртекпен жеткілікті түрде байланысқан болуы керек; екінші жағынан, Li_2S оқшаулағыш пленкамен біркелкі жабу электродты тиімді пассивтендіреді, нәтижесінде өнімділік төмендейді. Әдетте бұл мәселелер әртүрлі микро- және мезокеуекті көміртектерді қолдану арқылы немесе ерімейтін S түрлерін кеуектерге жүктеу үшін икемді/өзін-өзі қалпына келтіретін матрицаларды пайдалану арқылы шешілуде, бірақ жиі хабарланған жоғары өнімділікке тек төмен S мөлшері және

полярлы қоспалар полисульфидтердің сіңірілуі мен конверсия кинетикасын жақсартады. Сонымен қатар, металл нанобөлшектерімен біріктіру арқылы көміртекті хосттардың каталитикалық белсенділігі артып, батарея өнімділігі жоғарылайды. Осылайша, биомассадан алынған көміртекті хосттар – тиімді, үнемді және тұрақты энергия сақтау шешімдерін ұсынатын келешегі зор бағыт.

1.5 Никель оксиді (NiO) және никель (Ni) қосылыстары литий-күкіртті (Li-S) аккумуляторындағы қолданыстар

Никель оксиді (NiO) және никель (Ni) қосылыстарын литий-күкіртті (Li-S) батареяларында қолдану батарея жүйесінің жалпы өнімділігі мен тұрақтылығына ықпал етеді. Ni және Ni қосылыстары полисульфидтерді (разряд процесінде түзілетін) ерімейтін өнімдерге айналдыруға қатысты каталитикалық белсенділікті көрсете алады. Бұл полисульфидтер электролитке еритін, литий анодына ауысатын және сыйымдылықты жоғалтуға және батарея өнімділігін төмендетуге әкелетін паразиттік реакцияларға ұшырайтын «шаттл әсерін» азайтуға көмектеседі. Ni түрлерінің каталитикалық белсенділігі полисульфидтерді иммобилизациялауға және Li-S батареясының жалпы тиімділігін арттыруға көмектеседі [112-113]. NiO және Ni қосылыстары зарядтау және разряд процестері кезінде электрондардың тасымалдануын жеңілдете отырып, катодтың электронды өткізгіштігін күшейте алады. Бұл Li-S батареясының қуат өнімділігінің жақсаруына әкелетін жылдамдық мүмкіндігінің жақсаруына және ішкі кедергінің төмендеуіне әкеледі. Катодта NiO және Ni қосылыстарының болуы электрод/электролит интерфейсінің тұрақтылығы мен механикалық қасиеттеріне ықпал етуі мүмкін. Олар жанама реакцияларды азайтуға және қажет емес химиялық әрекеттесулерді пассивациялауға көмектесе алады, осылайша Li-S батареясының циклінің және жұмыс тұрақтылығын ұзартады. Li-S батареяларындағы өнімділігін оңтайландыру үшін NiO және Ni қосылыстары құрамы, морфологиясы және наноқұрылымы бойынша бейімделуі керек. Золь-гель, гидротермиялық немесе химиялық буларды тұндыру сияқты әртүрлі синтез әдістерін осы материалдардың қасиеттерін бақылау және олардың арнайы батарея қолданбалары үшін жарамдылығын арттыру үшін қолдануға болады [114-115]. Тұтастай алғанда, Li-S батареяларына NiO және Ni қосылыстарының қосылуы олардың энергия тығыздығын, айналу тұрақтылығын, жылдамдық қабілетін және жалпы өнімділігін арттыруға ықпал етеді, бұл оларды энергия сақтау жүйелеріне тиімді үміткер етеді.

Толық қатты күйдегі литий-күкіртті аккумулятор күкірттен алынатын жоғары теориялық меншікті энергияға, сонымен қатар қауіпсіздік мүмкіндіктеріне және полисульфидті шаттл эффектісі сияқты мәселелерді жеңілдету қабілетіне байланысты энергия сақтаудағы перспективалы прогресс болып саналады. Ғалымдар бұл зерттеу жұмысында NiO@NSP/S катод, қатты электролит Li_6PS_5Cl және Li анодынан тұратын ұяшық жұмысын зерттеген.

Алынған нәтижелер жоғары қайтымды сыйымдылықты және күкірттің жоғары жүктеме деңгейінде де күшейтілген жылдамдық мүмкіндігін көрсеткен. Жиналған ұяшық 0,05C ток жылдамдығында жоғары қайтымды сыйымдылық 1845 мАсағ $г^{-1}$ көрсеткен. NiO катализаторының рөлі аккумулятордың эффективті жұмысына әсерін байқауға болады[116].

Нанопарақ құрылымды никель гидроксидінен жасалған қуыс микросфералар глициннің қатысуымен гидротермиялық әдіс арқылы синтезделген. Ауада 400°C-қа дейін қыздырған кезде алтыбұрышты b-Ni(OH)2 текше NiO-ға айналған. Бетінің сыртқы түрі айтарлықтай өзгеріссіз қалғанымен, $Ni(OH)_2$ нанопарақтарының ішкі құрылымы 400°C күйдіруден кейін өзара байланысты нанобөлшектерден және мезокеуектерден тұратын NiO нанопарақтарына айналған. 400°C температурада өндірілген күкірт толтырылған қуыс мезокеуекті NiO микросфералары литий-күкіртті батареялар үшін катодтар (NiO/S) ретінде көміртекті қағазға біріктірілген. NiO/S катоды көміртекті қағазда жүктелген жалаң күкіртпен салыстырғанда 0,2C ток жылдамдығында 1300 мАсағ/г жоғары сыйымдылықты көрсеткен. NiO/S жоғары өнімділігін мезокеуекті нанопарақтары бар өткізгіш NiO микросфераларына жатқызуға болады, бұл тығыз электрлік байланысты жеңілдетіп, осылайша литий иондары мен күкірт материалдары арасындағы зарядты тасымалдау реакцияларына ықпал еткен. Сонымен қатар, олар полисульфидті шаттл әсерін шектеді және зарядтау және разрядтау циклдері кезінде көлемдік кеңеюді/таралуды азайтты деп тұжырымдаған[117].

Бұл зерттеу жұмысы электр иіру әдісі арқылы жасалған көп функционалды Ni/NiO ендірілген көміртекті наноталшықтарды (Ni/NiO@CNFs) перспективті бос ток жинағыштар ретінде термиялық өңдеуден кейін пайдалануды ұсынады. Бұл коллекторлар LiPS тотығу-тотықсыздану реакцияларының кинетикасын жақсартуға және белсенді материалдарды тиімдірек пайдалануға мүмкіндік беру арқылы циклділігін ұзартуға бағытталған. 0,5 және 1,0C ток тығыздығында шамамен 2,0 мг $см^{-2}$ күкіртпен жүктелген Ni/NiO@CNF бар Li-S батареяларының электрохимиялық өнімділігі 0,5C-де 1335,1 мА сағ $г^{-1}$ және 1C-де 1190,4 мА сағ $г^{-1}$ бастапқы меншікті сыйымдылықты берген. Бұл батареялар 100 және 200 циклден кейін сәйкесінше 77% және 70% жоғары сыйымдылықты сақтау мүмкіндігін көрсеткен. Зерттеуде металл және металл оксидінің нанобөлшектерін көміртекті наноталшық кілемшелеріне енгізудің тиімді синергетикалық әсері көрсетілген [112].

Келесі зерттеу жұмысында кеуекті графит көміртегі мен биметалдық кобальт-никель оксидтерінен (C/NiCo2O4) тұратын катод жұмысы қарастырылған. Кеуекті көміртегі және $NiCo_2O_4$ полисульфидтерді физикалық және химиялық жолмен тиімді ұстап қана қоймай, сонымен қатар күкірт үшін жоғары өткізгіш матрица қызметінде қолданылған. Композиттегі күкірт мөлшері 68,9% болғанда композиттік катод 977 мА сағ $г^{-1}$ меншікті сыйымдылыққа қол

жеткізген және 500 циклде 0,5C -да 673 мА сағ $г^{-1}$ сыйымдылықты сақтап қалған[118].

S/C композиттік катодын металл гидроксидтерімен модификациялау күкірт катодының өнімділігін жақсартудың тиімді әдісі екенін көрсетілген. Зерттеуде S/CCB композитінің бетіне мықтап бекітілген өлшемі 1 және 2 нм аралығындағы $Ni(OH)_2$ нанобөлшектерін қолданған. Бұл ерекше өзек/қабық конфигурациясы заряд тасымалдауды жеделдету үшін электр өткізгіштігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар полисульфидтердің электролитке диффузиясын болдырмау үшін физикалық және химиялық беттік адсорбцияны жақсартқан. Ni(OH)2@S/CCB жақсартылған электрохимиялық қасиеттерді көрсетіп, S/CCB электродымен салыстырғанда 0.5C-де жоғары сыйымдылықты 897 мАсағ/г көрсеткен[119].

Бұл зерттеуде литий күкіртті аккумуляторлар үшін катодты негізгі материал ретінде биметалдық никель кобальт оксиді ($NiCo_2O_x$) және CeO_2 қолданылған[120]. Бұл комбинация адсорбция мен катализде қосарлы синергияны ұсынады, полисульфидтердің шаттлдарын тиімді тежейді және полисульфидтердің конверсиясы үшін тотығу-тотықсыздану реакциясын жеделдетеді деп көрсетілген. Полярлық CeO_2 нанобөлшектері, беттік ақауларда литий полисульфидтеріне қарай хемосорбцияны, ал NiCo2Ox нанокластерлерінің тамаша электрокаталитикалық белсенділігі литий полисульфидтерінің жылдам түрленуін жеңілдетеді. Электрохимиялық сынақтар $NiCo_2O_x/CeO_2$ пайдаланатын батареялардың жоғары разрядтық сыйымдылықты, тұрақты циклді, төмен вольтты поляризацияны және жоғары күкіртті пайдалануды көрсетеді. Атап айтқанда, $NiCo_2O_x/CeO_2$ наношоғырлары бар аккумуляторлар 0,2C ток жылдамдығында 1236 мА сағ г-1 жоғары сыйымдылық, 100 циклден кейін циклына небәрі 0,09% сыйымдылықтың минималды төмендеуін көрсеткен. Сонымен қатар, күкірттің жоғары жүктеме деңгейінде де (>5 мг $см^{-2}$) жақсы өнімділік байқалады [120].

Мұнда күкіртті пайдалануды жоғарылату және адсорбцияны химиялық шектеу арқылы аккумулятор өнімділігін оңтайландыру күтілетін Li-S батареяларына, яғни Ni_3S_2/(N, S)-RGO типті гибридті материалдарға бірегей катод кандидатын зерттеу туралы хабарланған. Ni_3S_2-нің N/S қосылатын RGO-мен интеграциясы батарея өнімділігіне қатысты сынақтардың барлық аспектілерінде өзін тиімді көрсеткен. Күкірттің 61% және 81% пайызы жүктелген кезде разряд сыйымдылығы 0,2 С кезінде 1664,5 мА сағ $г^{-1}$ және 1346,8 мА сағ $г^{-1}$ көрсеткен [121].

Бұл зерттеуде жоғары кеуекті азот қосылған графиттік көміртегілерге Ni енгізілген. Жоғары кеуекті азот қосылған графиттік көміртекке (NiSA-N-PGC) енгізілген Ni бір атомды катализаторлар жеңіл және арзан стратегиямен синтезделген және Li-S батареяларының сепараторларын өзгерту үшін қолданылған. Li-S батареясы 600-ден астам циклмен және цикл сайын 0,5 С

жылдамдықпен бар болғаны 0,069% сыйымдылық ыдырауымен тұрақты өнімділігін көрсеткен. NiSA-N-PGC композитін пайдаланатын Li-S ұяшығының бастапқы сыйымдылығы 0,2 C жылдамдықта 1299 мА сағ $г^{-1}$ тең болған [122].

Осы зерттеу жұмысында, NiO бөлшектерін Li-S батареясында катод композитіне біріктіру полисульфидтерді ұстауда, әсіресе сепаратордың катод жағындағы жұқа көміртекті пленкамен жұптастырылған кезде өте тиімді болған. NiO кеуекті желі құрылымы оның күкіртпен әрекеттесуімен бірге батареяның жұмысын одан әрі жақсартқан. Атап айтқанда, сепаратордың катодтық жағына жұқа көміртекті қабаттың қосылуы полисульфидтің еруіне айтарлықтай кедергі келтірді, ал желілік NiO нанопарақтарын қосу жылдамдық мүмкіндігін де, ұзақ мерзімді тұрақтылықты да жақсартқан. 80 % күкірт жүктемесінде 0,2 C жылдамдықпен 1100 мА сағ $г^{-1}$ бастапқы меншікті сыйымдылықты берді [123].

Бұл катод құрылымында ішкі Ni металл желісі заряд-разряд реакцияларын жеңілдете отырып, электрондарды тасымалдау жолдары ретінде әрекет етеді, ал кең кеуекті кеңістіктер күкірттің жоғары жүктелуіне мүмкіндік береді және белсенді материалдан көлемдік өзгерістерді қамтамасыз етеді. Күкірт жүктемесі шамамен 4,0 мг/$см^2$ болатын Ni/Ni_3S_2/S катоды Ni_3S_2 қабаты жоқ күкірт катодтарымен салыстырғанда жақсартылған қуаттарды, төмендетілген поляризацияны, жылдам реакция кинетикасын және жоғары жылдамдық мүмкіндігін көрсеткен. Мысалы, 4 мА/$см^2$ жоғары ток тығыздығында бұл катод 150 циклден кейін 441 мА сағ $г^{-1}$ разрядтау сыйымдылығын берген, бұл Ni_3S_2 жоқ катодтардан айтарлықтай жоғары [124].


Кесте 2 – Никель және никель оксидінің LiS ұяшықтарында қолданылуы

Катод	Күкірт мөлшері	Никель қосылысы	Алғашқы разряд сыйымдылығы, мАсағ $г^{-1}$	С-жылдамдығы	Никель қосылысы синтез әдісі	электролит	Әдебиеттер
никель оксиді/ легирленген көміртегі/S NiO@NSP/S	1:1 2.26мг/$см^2$	никель оксиді (NiO ~7 wt%) N-легирленген көміртегімен	1845	0.05C, 60 ◦C	450 °C ю ,термиялық өңдеу	Li_6PS_5Cl қатты электролит	[116]
NiO/S Super P	7:3	никель оксиді микросфералары	1300	0.2C	b-$Ni(OH)_2$ 400 C дейін қыздыру	1 M LiTFSI 1:1 DOL:DME 0.2 M $LiNO_3$	[117]
Ni/NiO енгізілген көміртекті наноталшықтар Li_2S_6 каталит	2.0 мг/$см^2$	Ni/NiO	1335	0.5C	электроспиннинг және термиялық өңдеу 700 °C, 2 сағат	1 M LiTFSI 1:1 DOL:DME 2% M $LiNO_3$	[112]
C/NCO-450-A@S	68.9%	$NiCo_2O_4$ нанобөлшектер	977	0.5C	450°C, 250°C термиялық өңдеу	0.5 M Li_2S_6 DOL/DME (v/v=1:1) 1M LiTFSI 0.1 M LiNO3	[118]
$(Ni(OH)_2$@S/C CB	59.06 %.	$Ni(OH)_2$	897	0.5C	химиялық тұндыру әдісі	1 M LiTFSI 1:1 DOL:DME 1% M $LiNO_3$	[119]
$NiCo_2Ox/CeO_2$ NR литий полисульфидті католит	1.33 мг/$см^2$	$NiCo2O_x/CeO_2$	1236	0.2 C	400 °C термиялық өңдеу	1 M LiTFSI 1:1 DOL:DME 1% $LiNO_3$	[120]
Ni_3S_2/(N, S)-RGO/S	61%	Ni_3S_2	1664.5	0.2 C	800 термиялық өңдеу	1 M $LiN(CF_3SO_2)_2$ (LiTFSI) 1:1 DOL:DME, 1% M $LiNO_3$	[121]
C/S NiSA-N-PGC/PP сепаратор	70%	Никель атомының катализаторлары	1299	0.2 C	850°C термиялық өңдеу	1 M LiTFSI 1:1 DOL:DME 1% $LiNO_3$	[122]
NiO/S	80 %	NiO нанопарақтары	1100	0.2C	500 °C термиялық өңдеу	1 M LiTFSI 1:1 DOL:DME 2% M $LiNO_3$	[123]
Ni/Ni_3S_2/S	71 %	Ni/Ni_3S_2	700	1 мА/$см^2$	гидротермиялық әдіс	1 M LiTFSI 1:1 DOL:DME 0,2 M $LiNO_3$	[124]

Бөлімді қорыта келе, никель оксиді (NiO) және никельдің басқа қосылыстары литий-күкіртті аккумуляторлардағы катод материалдарының өнімділігі мен тұрақтылығын едәуір жақсартуға қабілетті. Бұл материалдар полисульфидтердің ерімеуін қамтамасыз етіп, шаттл әсерін азайту арқылы ұзақ циклді тұрақтылық пен жоғары меншікті сыйымдылық береді. Сонымен қатар, олардың каталитикалық белсенділігі және электронөткізгіштігі заряд-разряд реакцияларының кинетикасын жақсартады. Әртүрлі морфологияға ие наноқұрылымдар мен композиттік жүйелер батарея сипаттамаларын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

1.6 Литий сульфидті аккумуляторлардың жұмысын жақсарту үшін сепараторды модификациялаушы материалдар

Литий – күкірт батареяларындағы сепараторлар олардың жұмысында маңызды рөл атқарады. Олар батарея ішіндегі анод пен катодты бөлетін жұқа полимерлі немесе керамикалық пленкалар қолданылады[125]. Сепаратордың негізгі қызметі-екі электрод арасындағы қысқа тұйықталуды болдырмау және олардың арасындағы литий иондарының өтуін қамтамасыз ету. Келесі суретте литий сульфидті аккумулятордың құрамы мен жұмыс істеу принципі көрсетілген (**Сурет 2**) :



Сурет 2 – Литий сульфидті аккумулятордың құрамы және жұмыс істеу принципі

Литий – күкіртті аккумуляторларда сепараторлар батареяны зарядтау және разрядтау кезінде болатын химиялық процестердің ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі маңызды рөл атқарады[126]. Литий – күкірт батареяларындағы сепараторларға қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады: иондардың жоғары өткізгіштігі, механикалық тұрақтыллық, химиялық тұрақтылық, термиялық тұрақтылық. Сепаратор батареяны тиімді зарядтау және зарядтау үшін анод пен катод арасында литий иондарының еркін ағынын қамтамасыз етуі

керек. Сепаратор батареяның ішіндегі механикалық кернеулерге жыртылмай немесе зақымдалмай төтеп бере алатындай қасиеттерге йе болуы керек. Сепаратор аккумулятор ішіндегі электролитпен немесе белсенді компоненттермен әрекеттеспеуі қажет және оның қасиеттерін ұзаққа сақтау үшін химиялық тұрақты болуы керек. Сепаратор қарқынды жұмыс немесе төтенше жағдайлар нәтижесінде аккумуляторда пайда болуы мүмкін жоғары температураға төтеп бере алуы керек және батареяның өртенуіне ықпал етпеуі керек. Литий – күкірт батареяларындағы сепараторлар көбінесе полиэтилен немесе полипропилен сияқты полимерлі материалдардан жасалады, бірақ керамикалық материалдарды да қолдануға болады. Литий – күкірт батареяларының өнімділігі мен қауіпсіздігін жақсарту үшін олардың дизайны мен химиялық құрамы үнемі жетілдіріліп отырады. Литий – күкірт батареяларындағы сепараторлардың модификациясында оның тиімділігі мен батареяның қауіпсіздігін арттыру үшін сепаратордың материалы жақсартылып отырады. Литий-ионды аккумуляторлардағы сепаратор анод пен катод арасындағы қысқа тұйықталудың алдын алу және олардың арасындағы литий иондарының өтуін қамтамасыз ету арқылы шешуші рөл атқарады[127].


Литий – күкірт батареяларындағы сепараторлардың кейбір модификацияларына мыналар жатады: наноқұрылымды материалдарды сепараторларға енгізу олардың механикалық және электрохимиялық қасиеттерін жақсартады, сонымен қатар кеуектілігін арттырады, бұл литий иондарының жақсы өткізгіштігіне ықпал етеді. Химиялық құрылымның модификациясы, сепараторлардың химиялық құрылымын өзгерту олардың химиялық тұрақтылығы мен термиялық қасиеттерін жақсартады, бұл батареялардың қауіпсіздігін арттырады. Сепараторларды жабу- сепараторлардың бетіне әртүрлі [128]жабындарды қолдану олардың электр өткізгіштігін, тотығуға төзімділігін және жанама қысқа тұйықталудан қорғауды жақсарта алады. Электролиттік қоспаларды қолдану, электролитке белгілі бір заттарды қосу сепаратордың бетінде қорғаныс қабатының пайда болуына ықпал етеді, бұл оның өнімділігін жақсартады. Литий – күкіртті аккумуляторлардағы сепараторларды өзгерту батареялардың тиімділігін, қауіпсіздігін арттыруға бағытталған, бұл қазіргі заманғы энергетикалық технологияларды дамытудың маңызды аспектісі болып табылады [8, 52,127,129].

2. ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ

2.1 Материалдар мен әдістер

2.2 Химиялық реагенттер мен жабдықтар Күкірт ұнтағы (S, ≥99,0 %), күкірт көміртегі (CS_2 сусыз, ≥99,0 %), калий гидроксиді (KOH, ≥85,0 %), никель нитраты ($Ni(NO_3)_2$, ≥99,0) Сигма-Олдричтен сатып алынды. Аргон (99,993%) «Ихсан газ» компаниясынан сатып алынды. Барлық эксперименттерде өте таза дистильденген су (DI) қолданылды.

Күріш қауызынан графен тәрізді көміртекті GPC синтездеу процесі осы әдебиеттің әдістемесі арқылы жасалған[130]. Бастапқыда, Қазақстандағы Қызылорда облысынан алынған күріш қауызы (КҚ-GPC) биомасса қалдықтарының прекурсоры ретінде пайдаланылды. Күріш қауызы, табиғи қоспаларды тиімді жоя отырып, су мөлдір болғанша ыстық деионизацияланған (DI) суда қайталап жібіту арқылы тазартудан өткізілді. Кейіннен тазартылған КҚ вакуумдық пеште (VacuTherm) 110°C температурада 5 сағат бойы кептірілді. Осыдан кейін КҚ көміртектендірілуі цилиндрлік тот баспайтын болаттан жасалған реакторда 500 ° C температурада 120 минут бойы, аргон (Ar) газ ағынында (160 ссм) орташа қыздыру жылдамдығы минутына 5 ° C/мин жүргізілді. Алынған көміртекті өнім өлшеніп, 1:4 қатынасында калий гидроксидімен (KOH) араластырылды. Бұл қоспаны жақсылап ұнтақтап, тот баспайтын болаттан жасалған реакторға салып, көміртекті өнімнің KOH-ты толық сіңдіруін қамтамасыз ету үшін ауаның қатысуымен 12 сағат бойы 150°C температурада қыздырылды. Кейіннен көміртекті өнімді термохимиялық активтендіру 800°C температурада орташа қыздыру жылдамдығы минутына 5°C/мин Ar ортасында (250 ссм) 90 минут бойы жүргізілді. Шығарылған GPC ұнтағы сілтілі қоспаларды жою үшін шамамен 6–7 pH мәніне жеткенше DI суымен бірнеше рет шаюдан өткізіліп, содан кейін вакуумдық пеште 150°C температурада 12 сағат бойы кептірілді. (Мәліметтер 3-сурет және 4 кестеде берілген). 3-суретте GPC дайындаудың технологиялық сызбанұсқасы көрсетілген.




Сурет 3 – GPC дайындау технологиясы

Кесте 3 - Термохимиялық активтендіруден кейінгі сатыда алынған көміртекті өнімнің құрамындағы қоспалар

Элементтер	Si	Li	Na	Mg	Al	K	Ca	Ti	Mn	Fe	Co	Cu	Sr	Ba	Pb
Концентрациялар	(w.%)														
Жуу алдында	5.1323	0.0312	0.6376	0.0142	4.4036	16.5949	0.1525	0.0011	0.0045	0.2820	0.0006	0.0013	0.0021	0.0024	0.0005
Жуғаннан кейін	0.2031	0.0006	0.0227	0.0053	0.0544	0.5418	0.1010	0.0007	0.0004	0.0502	0.0001	0.0002	0.0016	0.0018	0.0002

2.3 GPC-NiO композитін дайындау

GPC-NiO композитін дайындау үшін, 10 мл ионсыздандырылған суда GPC-ді никель нитратымен ($Ni(NO_3)_2$) үш түрлі салмақ қатынасында 90:10, 80:20 және 70:30 сәйкесінше араластыру арқылы синтезделді. Қоспа компоненттердің біркелкі таралуын қамтамасыз ету үшін магниттік араластырғышты қолданылып, 12 сағат бойы үздіксіз араластырылды. Осыдан кейін композитті ионсыздандырылған судан арылту үшін кептіруден өтті. Кейін кептірілген ұнтақ 400°C температурада аргон атмосферасында 2 сағат бойы күйдірілді, қыздыру жылдамдығы минутына 5°C/мин құрады, нәтижесінде GPC-NiO композиті түзілді. Содан кейін термиялық өңдеу кезінде пайда болған қоспалар мен жанама өнімдерді кетіру үшін композит тазартылған сумен бірнеше рет жуылып, ары қарай кептірілді. 5-суретте әдістің сызбанұсқасы көрсетілген.



Сурет 5 - GPC-NiO композиттін дайындаудың технологиясы

2.4 GPC@S катодтарын дайындау

GPC@S катодтарын дайындау үшін күкіртті GPC көміртегі матрицасына тікелей балқыту-диффузия әдісі арқылы иммобилизациялау әдісі қолданылды. Бастапқыда күкірттің белгілі бір мөлшері күкірт көміртегі (CS_2) және изопропанол (IPA) қоспасында 7:3 қатынасында үздіксіз араластыру арқылы ерітілді. Күкірт толығымен ерігеннен кейін, GPC ұнтағы ерітіндіге қосылды, күкірттің графен тәрізді көміртекке қатынасы 6:4 болды. Содан кейін қоспа 20 минут бойы ультрадыбыстық өңдеуді қолдану арқылы гомогенизацияланды, содан кейін CS_2/IPA қоспасы толық буланғанша қосымша араластырылды. Буланудан кейін алынған катодты материал құбырлы пешке ауыстырылды және аргон атмосферасында (250 ссм) минутына 2,5 ° C/мин қыздыру жылдамдығымен 12 сағат бойы 155 ° C дейін қыздырылды. Кейіннен композиттік матрицаның бетінен капсулаланбаған күкірт қалдықтарын жою үшін үлгілер 200°C температурада 1 сағат бойы қосымша қыздыру процесінен өтілді.

2.5 Сепараторды модификациялау Коммерциялық Celgard 2400 сепараторын модификациялау дәстүрлі суспензияны құю әдісмен дайындалды. Коммерциялық Celgard 2400 сепараторының беті GPC-NiO композитімен модификациялау үшін суспензияны құю әдісі қолданылды. Сузпензия дайындау үшін GPC-NiO массасының 90%-ы N-метил пирролидонда (NMP) ерітілген 10% поливинилиденді фторидпен (PVDF) біртекті түрде араластырылды, содан кейін бақыланатын қабат қалыңдығымен Doctor Blade әдісімен сепараторға жағылды. Дайындалған модификацияланған сепаратор вакуумдық пеште 60 ◦C температурада 12 сағат бойы кептірілді.

2.6 Үлгілердің сипаттамасы

Алынған үлгілер әртүрлі аналитикалық әдістер арқылы сипатталды. Бетінің морфологиясы мен элементтік құрамы энергия-дисперсиялық спектроскопиямен (EDS) жабдықталған сканерлеуші электрондық микроскоп (SEM) Crossbeam 540 көмегімен бағаланды. Құрылымдық ерекшеліктері трансмиссиялық электронды микроскоп (TEM) арқылы зерттелді (JEOL JEM - 1400 Plus, 120 кВ). Раман спектроскопиясы 473 нм толқын ұзындығы бар Раман спектрометрі (LabRAM, Хориба) арқылы жүргізілді. Рентгендік дифракция (XRD) талдауы CuKα сәулеленуі бар SmartLab (Rigaku) - рентгендік дифракция жүйесі арқылы жүргізілді. Химиялық байланыстар мен өзара әрекеттесулер монохромдалған төмен қуатты Al Ka рентгендік көзі (1486,6 эВ) бар рентгендік фотоэлектрондық спектроскопияның (XPS, NEXSA, Thermo Scientific) көмегімен зерттелді. GPC@S композиттік матрицасындағы күкірт мөлшері азот атмосферасында бір уақыттағы термиялық анализатор (STA) 6000 көмегімен термогравиметриялық талдау (TGA) арқылы анықталды. Дайындалған катодты материалдардағы күкірт құрамын анықтау үшін элементтік химиялық талдау (CHNS, Vario Micro Cube, Elementar) қолданылды. Арнайы бет ауданы мен кеуек сипаттамалары азоттық порозиметрдің көмегімен азот адсорбция-десорбция

изотермалары негізінде бағаланды, меншікті бет ауданы Брунауэр-Эмметт-Теллер (BET) теңдеуімен есептелді.

$$\frac{P}{V(P_0 - P} = \frac{1}{V_m C} + \frac{(C-1)P}{V_m C P_0} \quad (2.6.1)$$

P - газ қысымы (адсорбция кезінде),P_0 - газдың қаныққан бу қысымы (сол температурада),V - адсорбцияланған газ көлемі (қалыпты жағдайға келтірілген),V_m - бір қабат түзуге қажетті газ көлемі, C - БЕТ тұрақтысы (адсорбция мен десорбция энергиясына байланысты).

2.7 Электрохимиялық сипаттамалар

Жаңадан әзірленген катодтардың электрохимиялық қасиеттері CR-2032 типті монета ұяшығы көмегімен бағаланды. Біртекті суспензия массалық үлестері бойынша: 80% GPC@S, 10% ацетилен қара және 10% PVDF (NMP-де) араластыру арқылы дайындалды. Бұл суспензия көміртегімен қапталған алюминий (Al) фольгаға біркелкі жайылып, қабат қалыңдығын бақылау үшін Doctor Blade қолданылды. Содан кейін қапталған суспензия пеште 60 ° C температурада 12 сағат бойы вакуумда кептірілді. Бірлік аудандағы күкірттің мөлшері шамамен 1,7-1,8 мг $см^{-2}$ деңгейінде сақталуын қамтамасыз ете отырып, диаметрі 15 мм дөңгелек дискілік электродтар фольгадан кесіліп алынды. GPC@S катодынан, GPC-NiO модификацияланған коммерциялық Celgard сепараторынан және анод ретінде Li металл дискінен тұратын CR-2032 типті монета ұяшықтары аргон толтырылған қолғап қорапшасында жиналды. Электролит ретінде литий бис-(трифторметан) сульфаниламидінен (LiTFSI, 1 M) және литий нитратынан ($LiNO_3$, масса 2%) тұратын электролит 1,3-диоксоланда (DOL) және 1,2-диметоксиэтанда (DME) ,1:1 көлем қатынасында ерітілді. Циклдік-волтамметрия (CV) өлшемдері VMP3 потенциостат/галваностат, Bio-Logic Instruments көмегімен Li/Li^+ қарсы 1,75 В - 2,8 В кернеу диапазонында 0,1 $мВс^{-1}$ сканерлеу жылдамдығында жүргізілді. Жартылай ұяшықтардың гальваностатикалық заряд-разряд сынақтары, (1 C = 1675 мА сағ $г^{-1}$) Neware аккумуляторлық сынақ құралы (BTS 7.5.4) көмегімен зерттелді. Электрохимиялық кедергі спектроскопиясының (EIS) өлшемдері 100 кГц пен 10 МГц жиілік диапазонында VMP3 потенциостат/гальваностат (BioLogic) көмегімен орындалды.

2.8 LixSy адсорбция тесті

Li_2S_6 полисульфидінің GPC-NiO композиттеріне сіңірілуі УК-спектрофотометр көмегімен зерттелді. Бұл зерттеуде 10 мг дайындалған үлгілер көлемдік қатынасы 1:1 болатын 1,2-диметоксиэтан (DME) және 1,3-диоксолан (DOL) қоспасында ерітілген 3 мл 5 мМ Li_2S_6 ерітіндісіне батырылды.. Бұл үлгілер

Li_2S_6 ерітіндісінде 18 сағатқа қалдырылды. Кейіннен ерітінді ішіндегі ұнтақтар, яғни Li_2S_6 сіңірген қатты үлгілер, XPS талдауы үшін алынып, кептірілді.

2.9 Симметриялық ұяшықты тестілеу

Екі түрлі белсенді заты бар симметриялық ұяшықтар жиналды. Симметриялық ұяшық сынақтарын жүргізуге электродтарды дайындау үшін белсенді материалдар (GPC-NiO-20 және GPC-NiO-0) суспензия қалыптастыру үшін NMP-де дисперсті араластырылды. Содан кейін бұл қоспа көміртекті қағаздан жасалған дөңгелек ток жинағыштарға жағылып, 6 сағат бойы 60 ° C температурада вакуумда кептірілді. Кейіннен симметриялық ұяшық коммерциялық Celgard 2400 сепараторымен бөлінген екі бірдей электродты пайдаланып жиналды. Көлемі 50 мкл 0,3 M Li_2S_6 ерітіндісі электролит ретінде электродтар арасына қойылды. Литий полисульфидтерінің әрекеті циклдік вольтамметрия (CV) арқылы Biologic VMP3 потенциостат/галваностат арқылы 20 мВ $с^{-1}$ және 1 мВ $с^{-1}$ потенциал берілу жылдамдығымен Li/Li^+-қа қатысты -1,0 В-тан 1,0 В-қа дейінгі потенциал диапазонында зерттелді.

2.10 Нуклеация тесті

Нуклеация сынағы үшін тәжірибелік қондырғы келесідей конфигурацияда ұяшық әзірленіп жиналды: композиттер көміртекті қағазға жағылып, жұмысшы электродтар ретінде пайдаланылды, ал металл Li дискі қарсы/анықтамалық электрод ретінде пайдаланылды. Катодқа тетраглимде ерітілген 20 мкл 0,2 M Li_2S_8 жүктеліп, ал анод жаққа 20 мкл DOL: DME (1:1) қоспасында ерітілген 1 M LiTFSI , 2% $LiNO_3$ бар электролит тамызылды. CR-2032 типті монета ұяшықтары жиналып, гальваностатикалық режимде 2,06 В-те разрядталды , содан кейін Li_2S нуклеациясын бастау үшін ток 10^{-5} А-дан төмен түскенше 2,05 В деңгейінде ұсталды.

3 Нәтижелер және талқылау


3.1 GPC және GPC@S катодының сипаттамасы

GPC активтендіру агенті KOH-ты пайдалану арқылы күріш қауызы (КҚ) қалдықтарын карбонизациялау және термохимиялық белсендіру арқылы синтезделді. Бастапқыда ұнтақталған және жуылған КҚ инертті Ar газ атмосферасында 500 ° C температурада карбонизациядан өтті, содан кейін 800 ° C температурада KOH-пен әрекеттесу арқылы термохимиялық белсендірілді. Алынған графен тәрізді көміртек материалынан (GPC) қоспаларды жою үшін ыстық тазартылған сумен бірнеше рет жуылды, содан кейін кептірілді. GPC бетінің морфологиясы мен микроқұрылымы SEM және TEM көмегімен талданды (6-сурет).

SEM нәтижелері GPC бетінде 15-тен 30 мкм-ге дейінгі кеуектер диаметрі бар жоғары дамыған макрокеуекті құрылымды анықтады (6 а-сурет). Жақынырақ тексерген кезде үлкенірек макрокеуектер ішінде диаметрі 1 және 2 мкм арасындағы кішірек кеуектер байқалды (6 ә -сурет). Бұл кеуектер термохимиялық

белсендіру процесі кезінде KOH булануының нәтижесінде пайда болады деп болжанды. KOH булану кезінде ол бос орындарды қалдырады, бұл GPC ішіндегі иерархиялық кеуектер құрылымына ықпал етеді.

TEM талдауы нәтижелерінен ашық және қараңғы аймақтарды байқауға болады, бұл GPC-нің қабыршақ тәрізді графен құрылымын растайды. Ашық аймақтар бір қабатты графен тәрізді құрылымға сәйкес келеді деп болжанды, ал күңгірт аймақтар бірнеше қабатты құрылымды құрайтын графен парақтарының қабаттасуынан қалыптасады деп болжам жасалды (Сурет 6б-г). 6ғ-суретте бейнеленген GPC-де бағдарланған торлы жиектердің болуы оның күшті кристалдылығын растайды. GPC үшін анықталған жазықаралық аралық шамамен 0,339 нм құрайды, бұл көп қабатты графендегі жазықаралық аралықпен (0,33 нм) сәйкес келеді.




Сурет 6 - Дайындалған GPC композитінің (а, ә) SEM және (б–ғ) TEM кескіндері

Раман спектроскопиясы I(2D)/I(G) деп белгіленген 2D және G жолақтары арасындағы ең жоғары қарқындылықтардың қатынасын зерттеу арқылы атомдық графен қабаттарының санын бағалаудың қарапайым әдісі ұсынылды. Бұл әдіс алдыңғы зерттеулерде эмпирикалық түрде расталған (Kalsoom et al., 2017) 1361 $см^{-1}$ шамасында D-жолағының және 2712 $см^{-1}$-де 2D-диапазонының болуы ретсіз көміртекке жатады, ал 1580 $см^{-1}$-дегі G-жолағы sp^2 жазықтықтағы сипаттамасына сәйкес келеді. 7 а-суретте графеннің тербеліс жолағы көрсетілген. Ferrari және т.б.[131], Раман спектрінде 2D диапазонын қоса алғанда, осы ерекше


жолақтардың болуы синтезделген GPC тазамен салыстырғанда сәл ерекшеленген құрылымына байланысты графенге немесе дәлірек айтқанда, графен тәрізді материалға тиімді ауысқанының дәлелі болып табылады. Әрі қарай талдау жолақтар қарқындылығының (I_D/I_G) және (I_{2D}/I_G) қатынасына (R) негізделген GPC сипаттамаларын бағалауы қарастырылды. Чжан т.б.[132] I_D/I_G және I_{2D}/I_G мәндері таза графеннің сәтті синтезінің негізгі көрсеткіштері болып табылады. Таза графенге қол жеткізу үшін GPC үшін D диапазонының төмен қарқындылығын және G диапазонының жоғары қарқындылығын көрсеткен жөн. Берілген Раман спектрінде I_D/I_G қатынасы 0,37 болып, графиттенудің жоғары дәрежесін және реттелген, кристалдық құрылымды көрсетеді. 2D және G жолақтары арасындағы қарқындылық қатынасы 0,58 құрайды, бұл GPC құрылымында шамамен төрт графен қабатының болуын болжайды. GPC Раман спектріндегі 250 $см^{-1}$ төмен қарқындылық шыңы графиттегі графен қабаттарының қабаттасуына сезімталдықты көрсететін ығысу режимдері [131] деп аталатын қабат аралық тербелістерге жатады. Бұл шыңдардың нақты позициялары мен қарқындылығы қабаттардың саны, ақаулардың болуы және карбонизация/белсендіру параметрлері (температура, ұзақтық және белсендіру агенті) сияқты айнымалыларға байланысты. 2450 $см^{-1}$ (D+2D) және ~2950 $см^{-1}$ (D + G) төмен қарқындылық шыңдары біріктірілген Раман жолақтарынан туындайды. D+2D шыңы D шыңын (графен ақауларына қатысты) екінші ретті 2D шыңымен біріктіреді. Бұл алтыбұрышты тордағы жазықтықтағы көміртегі атомының тербелістерімен байланысты. Ақаулардың саны артқан сайын, 2D-ге қатысты D шыңының қарқындылығы жоғарылайды, бұл графен торының бұзылуы мен жалпы діріл сипаттамалары туралы түсінік береді. Осылайша, D+2D шыңының жоғары қарқындылығы графен құрылымындағы бұзылыстың немесе ақаулардың жоғарылауын көрсетеді. Сонымен қатар, D + G шыңының қарқындылығы ақаудың тығыздығымен сәйкес келеді, бұл графендегі ақаулардың жоғарылауын немесе тығыздығын білдіреді. 7а-суретте төмен қарқындылықтағы D + G және D+2D шыңдары оның құрылымында ең аз ақаулары мен бұзылуы бар GPC-ді көрсетеді. Сонымен қатар, GPC графиттену дәрежесі 500 $см^{-1}$-ден 2200 $см^{-1}$ аралығындағы спектрдің жалпы ауданына G шыңының ауданы қатынасын есептеу арқылы анықталды[133-136].

Белсендірілген GPC-де графиттенудің есептелген деңгейі шамамен 29,13% құрайды (8- сурет). GPC бетінің меншікті ауданын, кеуек өлшемдерінің таралуын және кеуек көлемін дәл анықтау үшін ұнтақ N_2 адсорбция және десорбция изотермалары (BET) арқылы талдаудан өтті. Нәтижелер GPC адсорбция/десорбция I-типті изотерманы көрсетті, бұл әдетте мезокеуекті материалдарда кездесетін сипатты белгі (7 ә-сурет). GPC меншікті бетінің ауданы 2143,5 $м^2\ г^{-1}$ екені өлшенді, жалпы кеуек көлемі 1,020 $см^3\ г^{-1}$. Барретт-Джойнер-Халенда (BJH) үлгісін пайдалана отырып, кеуектер өлшемін бөлу қисықтарының талдауы GPC орташа кеуек диаметрі 2-ден 4 нм-ге дейінгі диапазонда болатынын

көрсетті (7 б-сурет). GPC тән мезо кеуектіліктігі үлкен спецификалық беттік ауданды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады, бұл өз кезегінде күкірт үшін көптеген өткізгіш адсорбция және реакция алаңдарын ұсынады. Бұл сипаттама литий полисульфидтерінің еруін шектеуде және ЛКА-дегі электрохимиялық процестер кезінде белсенді материалдың жоғалуын азайту үшін өте маңызды. Сонымен қатар, GPC құрылымында мезопоралардың болуы қосымша артықшылықтар береді. Бұл мезокеуектер литий полисульфидтерін сақтау үшін кең орын қамтамасыз етеді, олардың жағымсыз миграциясын болдырмайды және күкірт катодтарының циклдік тұрақтылығын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мезопоралардың болуы литий иондарының тасымалдануын жеңілдетеді, тиімді иондық диффузияға ықпал етеді және LiS аккумуляторының жалпы электрохимиялық өнімділігін арттырады.



Сурет 7- (а) Раман спектрі, (ә) N2 адсорбция/десорбция изотермалары және (б) синтезделген GPC кеуектерінің көлемінің таралуы




8-сурет - GPC Раман спектрінің деконволюциясы

Графиттену дәрежесі (3.1.1) формула бойынша есептеледі:

$$G_f = \frac{A(G)}{\sum_{500}^{2200} A} * 100 \qquad 3.1.1$$

мұндағы G шыңының ауданы A(G) – 87116,3467; спектрдің толық ауданы ∑A— 25375,5822; Gf – графиттену дәрежесі

Алынған GPC өзінің ерекше үлкен спецификалық бетінің ауданы мен мезокеуектілігінің нәтижесінде, күкіртті орналастыруға, ұяшықтың көлемдік кеңеюін тиімді жеңілдетуге және үздіксіз цикл кезінде полисульфидтердің шаттл эффектісін басуға перспективалы үміткер ретінде қолданыла алады. Күкірт катодтарын дайындау үшін күкірт балқыту-диффузия әдісі арқылы GPC-ге бекітілді. 6 (а, ә) және (б–ғ) суреттерде көрсетілген SEM және TEM кескіндері сәйкесінше дайындалған GPC морфологиясын көрсетеді. GPC@S катодты материалында (9а-сурет) күкірт агломераттары анық байқалады, бұл GPC бетінің күкіртпен толық жабылғанын көрсетеді. Элементтік карталау нәтижелері (9ә-сурет) күкірттің GPC беті бойынша біркелкі таралуын растайды, оның көміртегі матрицасына сәтті иммобилизациясын байқауға болады. Сонымен қатар, EDS талдауы GPC@S композитінде қалдық оттегі атомдарының болуын анықтады, бұл балқыманың диффузиясы кезінде орын алатын тотығу процестерінен болуы мүмкін.




Сурет 9 - (a) TEM кескіні және (b) GPC@S катодтық материалының SEM-EDS картасы.


GPC@S үлгісіндегі күкірттің мөлшерін анықтау үшін TGA қолданылды. TGA нәтижелеріне сәйкес (10 а-сурет), күкірттің мөлшері 60%-ы құрады, бұл GPC@S дайындау процесі кезінде бастапқы қолданылған күкірт мөлшерімен сәйкес келеді, яғни GPC-ге иммобилизацияланғанын көрсетеді. 10 ə-суретте GPC, GPC@S және элементтік күкірттің XRD үлгілері берілген. GPC XRD үлгісі жазықаралық көміртек байланыстарының үзілуіне және графен қабыршақтануына сәйкес келетін дифракция шыңын (002) 26°-та көрсетеді. 44°-та бөліну шыңы графиттік көміртегіне (101) жатады. Бұл нәтижелер GPC-де кристалдылықтың жоғары дәрежесін көрсетеді.

Таза күкірттің XRD үлгісі 2θ = 15-60 диапазонында орторомбты күкіртке тән қарқынды өткір шыңдарды көрсетті. GPC@S композитінің XRD үлгісі балқу және диффузия процестері кезінде GPC кеуектеріне күкірттің тиімді инкапсуляцияланғанын растайды, кристалдық күкіртпен байланысты төмендетілген ең жоғары қарқындылықтарды көрсетеді. Сонымен қатар, GPC@S бетінің меншікті ауданы 204,7 $м^2$ $г^{-1}$ дейін төмендеген, кеуектер көлемі 0,093 $см^3$ $г^{-1}$ дейін азайған (10 б, в-сурет), бұл күкірттің сәтті иммобилизациясының қосымша дәлелін береді. GPC-дегі қол жетімді тесіктердің шамамен 75-77% күкіртті иммобилизациялау үшін пайдаланылғанын төмендегі есептеулерден көруге болады. GPC хостының және иммобилизацияланған күкірттің бетінің құрамы мен химиялық әрекеттесуі туралы қосымша түсініктер XPS талдауынан алынды. Зерттеу спектрі GPC@S композитінде көміртегі, оттегі және күкірт элементтерінің болуын растайды (11 а-сурет). C 1s XPS спектрі (11 ə-сурет) C–C/C—C, C–O/C–S және C– сәйкес келетін 284,4 эВ, 285,9 эВ және 287,1 эВ үш негізгі шыңға бөлінді. C–S байланысының болуы күкірт пен дамыған көміртегі матрицасы арасындағы химиялық әсерлесуді көрсетеді. S 2p спектрі (11 б-сурет) элементтік күкірттің S $2p^{3/2}$, S $2p^{1/2}$ және S-Ox (сульфат) көрсеткіштеріне жататын 164,18 эВ, 165,38 эВ және 169,18 эВ үш түрлі байланыс энергиясының шыңдарын көрсетті. S-O_x болуы балқыту-диффузия процесі кезінде күкірттің тотығуынан

және кейіннен GPC@S композитінің бетінде сульфатты топтардың түзілуінен болуы мүмкін.



Сурет 10 - (а) TGA, (ә) XRD, (б) N2 адсорбция/десорбция изотермалары және (в) дайындалған GPC@S кеуектерінің көлемінің таралуы.




Сурет 11 GPC@S композитінің XPS спектрлері: (а) GPC және GPC@S жалпы XPS шолуы; (ә) C 1s негізгі деңгейдегі XPS спектрі; (б) S 2p негізгі деңгейдегі XPS спектрі.

Бұл бөлімде күріш қауызы негізінде KOH-пен термохимиялық белсендірілген графен тәрізді көміртек (GPC) материалы сәтті синтезделіп, оның құрылымдық және морфологиялық сипаттамалары жан-жақты зерттелді. GPC

жоғары меншікті бет ауданы (2143,5 м²/г), айқын иерархиялық кеуектілік және графиттенудің жоғары дәрежесімен (29,13%) ерекшеленді. SEM, TEM, Раман және XRD деректері материалдың графен тәрізді құрылымын және кристалдылығын растады. BET талдаулары мезокеуектіліктің басымдығын көрсетті, бұл күкірттің тиімді иммобилизациясына және Li–S аккумуляторларындағы полисульфидтердің ерімелігін шектеуге септігін тигізеді. Күкіртті балқыту-диффузия әдісімен енгізу нәтижесінде GPC@S композитінде күкірттің біркелкі таралуы, 60% жүктелу дәрежесі және химиялық байланысуы расталды. Нәтижелер алынған GPC материалын жоғары өнімділікті литий-сульфид аккумуляторларына арналған перспективалы катодтық хост ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

3.2 GPC-NiO композиттік сипаттамасы және сепаратордың модификациясы


Сепаратор LiS аккумулятор құрылғыларында құрамдас ретінде маңызды рөл атқарады, бұл олардың электрохимиялық өнімділігі мен тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді. Физикалық тосқауыл ретінде әрекет ете отырып, ол катод пен анод арасындағы алшақтықты тиімді сақтайды, осылайша осы электродтар арасындағы тікелей жанасуды және ықтимал қысқа тұйықталуды болдырмайды. Жақсы жобаланған сепаратордың полисульфидтерге көшуін шектеу арқылы LiS аккумулятор құрылғыларында жиі кездесетін маңызды мәселе болып табылатын шаттл әсерін тиімді шешу мүмкіндігі бар. Бұл күкіртті ұяшықтың сыйымдылықты жоғары ұстауға және циклдік тұрақтылығын жақсартуға ықпал етеді. Бұл зерттеуде біздің мақсатымыз GPC-NiO модификацияланған сепараторды жасау арқылы сепаратордың литий полисульфидтерін ұстау қабілетін арттыру, олардың конверсия жылдамдығын арттыру және ұяшықтың жалпы электр өткізгіштігін жақсарту болды. Бұл модификация күкіртті жан-жақты пайдалануды қамтамасыз ету және LiS аккумулятор құрылғыларындағы анодты қорғауды қамтамасыз ету үшін жүргізілді. GPC-NiO композиті GPC-ті $Ni(NO_3)_2$ сулы ерітіндісімен әртүрлі қатынаста араластыру арқылы синтезделді, содан кейін GPC парақтарының бетінде NiO нанобөлшектерінің түзілуін бастау үшін инертті ортада кептірілген композиттер термиялық өңдеуден өтті. GPC-NiO композитінің беткі морфологиясы SEM көмегімен талданды. Модификацияланған сепаратордағы құйылған GPC-NiO қабаты қалыңдығы 15-16 мкм-ге дейінгі орташа қалыңдығын көрсететіні байқалды (12-сурет).



Сурет 12 - (а) GPC-NiO модификацияланған сепаратордың көлденең қимасы SEM кескіні және (ә) GPC-NiO композитінің EDS картасы

SEM кескіні композиттік қабат бойына біркелкі таралған кіші NiO бөлшектерімен қиылысатын үлкен GPC бөлшектерінің болуын бейнеледі (12 а-сурет). EDS нәтижелері C (81,5 масса%), Ni (5,7 масса%) және O (масс. 12,8%) элементтерінің GPC-NiO композитінің беті бойынша біркелкі таралуын растады (12 ә-сурет).

GPC-NiO композитінің микроқұрылымы TEM көмегімен зерттелді (13-сурет).TEM кескіндері GPC бетінің өлшемдері бірнеше нанометрден 20 нм-ге дейін болатын NiO нанобөлшектерімен біркелкі безендірілгенін анық көрсетеді (13 а, ә, б-сурет). Атап айтқанда, GPC үшін өлшенген жазықаралық аралық шамамен 0,339 нм (13 ә-суретке енгізілген), бұл оның жақсы кристалдылығын көрсетеді. d-аралықтары шамамен 0,218 нм (13 в-суретте кірістірілген) байқалған торлы жиектер NiO (200) кристаллографиялық жазықтықтарына сәйкес келеді, бұл текше тәрізді NiO тұзының құрылымының сипаттамаларын растайды.




Сурет 13 - (а–в) GPC-NiO композитінің TEM кескіндері.

GPC-NiO композитінің азот атмосферасындағы адсорбция/десорбция изотермалары 14 а-суретте көрсетілген. Нәтижелер GPC құрылымына NiO нанобөлшектерінің қосылуы есебінен 2476,6 $м^2$ $г^{-1}$ дейін жететін композиттің меншікті бетінің айтарлықтай ұлғайғанын көрсетеді. Меншікті беттік ауданның бұл ұлғаюын композиттің жалпы бетінің кедір-бұдырлығын арттыратын NiO нанобөлшектерінің әсеріне жатқызуға болады. Сонымен қатар, реакцияның жанама өнімі ретінде пайда болған газдар GPC-NiO композитіндегі мезокеуектерді одан әрі арттырған деп болжанды. Сонымен қатар, NiO нанобөлшектері көміртекті материалдармен күшті байланыстар құра алады, химиялық реакциялар үшін көптеген белсенді аудандар қамтамасыз етеді және көміртекті композиттің жалпы кеуектілігі мен меншікті бетінің ауданын арттырады.

Кеуек өлшеміне келетін болсақ, GPC-NiO композитінің орташа кеуек өлшемі 2–3 нм дейін аздап төмендеді (14 ә-сурет). GPC-NiO композитінің беттік құрамы мен тотығу күйлері XPS талдауы арқылы әрі қарай зерттелді. Ni 2p XPS спектрі (сурет 14 б) 2p3/2, 2p1/2 Ni 2p-ге сәйкес келетін шыңдарды көрсетеді, сәйкесінше 856,6 эВ, 874,1 эВ, 862,3 эВ және 880,2 эВ шамасында байланысу энергиясы бар. Ең жоғары қарқындылығы 856,5 эВ шыңы Ni^{2+} тотығу дәрежесін

көрсетеді, NiO нанобөлшектерінің сәтті түзілуін растайды. Сонымен қатар, 855,3 эВ және 858,1 эВ төмен қарқындылық шыңдары композиттегі Ni^0 және Ni^{3+} күйлерінің пайда болуына байланысты, бұл синтез процесі кезінде көміртегімен әрекеттесу кезінде NiO-ның тотықсыздануынан және-тотығуынан деп болжанды.

